

## МАЗМҰНЫ

### Машина жасау саласындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған салалық келісім

I. Бөлім. Негізгі ұғымдар мен қысқарған сөздер .....	1
II. Бөлім. Жалпы ережелер .....	2
III. Бөлім. Ұйымдардың өндірістік-экономикалық қызметтік дамуына жәрдемдесу .....	4
IV. Бөлім. Еңбек және демалыс режимі .....	5
V. Бөлім. Тарифтік келісім .....	7
VI. Кадрлық әлеуетті дамыту .....	14
VII. Гендерлік саясат: жұмыс істейтін әйелдерге әлеуметтік кепілдіктер мен женілдіктер .....	15
VIII. Жастар саясаты. Жас қызметкерлерге әлеуметтік кепілдіктер мен женілдіктер .....	15
IX. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу .....	17
X. Еңбекті қорғау .....	19
XI. Әлеуметтік кепілдіктер; женілдіктер және өтемакылар .....	23
XII. Жұмыс берушінің кәсіподақ қызметінің жүзеге асырылуы үшін жағдайлар жасау бойынша міндеттемелері .....	25
XIII. Келісімге қосылу тәртібі .....	28
XIV. Келісімнің орындалуын бақылау .....	28
XV. Тараптардың жауапкершілігі .....	29
XVI. Қорытынды ережелер .....	30
1 – Қосымша .....	32
2 – Қосымша .....	34
3 – Қосымша .....	37
4 – Қосымша .....	41
5 – Қосымша .....	44
6 – Қосымша .....	49
7 – Қосымша .....	54
8 – Қосымша .....	55
9 – Қосымша .....	57
Машина жасау саласындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған Салалық келісімді жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары.....	58

## СОДЕРЖАНИЕ

### **Отраслевое соглашение в отрасли машиностроения на 2017-2019 годы.**

Глава I. Основные понятия и сокращения.....	62
Глава II. Общие положения.....	63
Глава III. Содействие производственно-экономической деятельности и социальному развитию организации.....	65
Глава IV. Режимы труда и отдыха.....	66
Глава V. Тарифное соглашение .....	68
Глава VI. Развитие кадрового потенциала .....	75
Глава VII. Гендерная политика. Социальные гарантии и льготы работающим женщинам.....	76
Глава VIII. Молодежная политика. Социальные гарантии и льготы молодым работникам.....	76
Глава IX. Содействие занятости.....	78
Глава X. Охрана труда .....	80
Глава XI. Социальные гарантии, льготы и компенсации.....	84
Глава XII. Обязательства работодателя по созданию условий для осуществления деятельности профсоюза .....	86
Глава XIII. Порядок присоединения к соглашению .....	88
Глава XIV. Контроль за исполнением соглашения .....	89
Глава XV. Ответственность сторон .....	89
Глава XVI. Заключительные положения .....	90
Приложение № 1 .....	92
Приложение № 2 .....	94
Приложение № 3 .....	97
Приложение № 4 .....	101
Приложение № 5 .....	104
Приложение № 6 .....	109
Приложение № 7 .....	115
Приложение № 8 .....	116
Приложение № 9 .....	118
План мероприятий по реализации Отраслевого соглашения в отрасли машиностроения на 2017 – 2019 годы .....	119

# **МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНДАҒЫ 2017-2019 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ**

## **I. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР**

1.1 Осы Қазақстан Республикасының машина жасау саласындағы 2017-2019 жылдарға арналған салалық келісімі (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес машина жасау саласы кәсіпорындарының тұрақты және тиімді жұмыс істеуі мақсатында жасалды және Жұмыскерлер мен Жұмыс берушілер мүдделерінің тендерінің қамтамасыз етуге, Жұмыскерлердің нақты табыстарының өсуіне бағытталған.

1.2. Келісім тараптары:

Мемлекет: Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік);

Жұмыс берушілер өкілдері: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Қазақстан инжинииринг» ұлттық компаниясы (Kazakhstan Engineering)» («Қазақстан инжинииринг» ҰК» АҚ), («Қазақстан инжинииринг» ҰК» АҚ («Қазақстан инжинииринг» ҰК» АҚ атынан ұсынылған, Келісімге № 7 қосымшада көрсетілген оның еншілес және бағынышты ұйымдар, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Келісімде белгіленген тәртіппен осы Келісімге қосылған өзге де салалық ұйымдар (бұдан әрі – Жұмыс беруші, Ұйымдар);

- Жұмыскерлер өкілі: «Машина жасаушылардың салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподак) атынан Ұйымдардың жұмыскерлері болып табылады.

1.3 Осы Келісім - тараптардың салалық деңгейдегі жұмыскерлер үшін мазмұнын және еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі міндеттемелерін айқындастын әлеуметтік әріптестік тараптарының арасында жасалатын жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт.

1.4 Келісімнің міндеттері:

машина жасау саласындағы Ұйымдарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету;

- машина жасау саласындағы Жұмыскерлердің өнімді еңбегі, тұрмыс деңгейін жақсарту, біліктіліктерін арттыру және Жұмыскерлерді қайта оқыту үшін жағдай жасау;

- машина жасау ұйымдарының Жұмыскерлері үшін еңбекке ақы төлеудің ең төменгі салалық стандартын, өтемақы төлемдерін, еңбекшілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды анықтау;

- өзара сенім негізінде әлеуметтік әріптестікті, ақпарат алмасу мен ынтымақтастықты дамыту;
- Келісім субъектілері арасында туындастырылған қайшылықтарды келісімге қол жеткізу және өзара түсіністік арқылы шешу.

## II. Жалпы ережелер

2.1 Келісім Қазақстан Республикасында өнеркәсіптің өндеуші салаларын қалпына келтіру және жедел дамыту негізінде экономиканы, атап айтқанда олардың негізгі – машина жасау кешенін өндіріске инновациялық технологиялар мен заманауи жабдықтарды енгізу арқылы әртаратандыру үдерісі жүріп жатқан жағдайда жасалатынына түсіністік білдіреді. Бұл үдеріс барлық кешенді, және оның құрамына кіретін жекелеген Ұйымдарды қайта құрылымдауға сөзсіз алып келеді, бұл өз кезеңінде әлеуметтік-еңбек жағдайына және онымен байланысты экономикалық қатынастарға әсер етпеуі мүмкін емес.

Тараптар осы жағдайда Жұмыс берушілердің де, Кәсіподактың да әлеуметтік жауапкершілігі күрт артады және әлеуметтік әріптестік мәселелері аса маңызды мәнге ие болады деп өзіне есеп береді.

Осыған байланысты, Тараптар машина жасау кешенін қайта құрылымдау процестеріне тұрақты бірлескен мониторинг өткізу және мониторингтің нәтижесі бойынша осы Келісімге қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде келісті.

2.2 Келісім тарапының өкілін қайта құрган жағдайда Келісім бойынша оның құқықтары мен міндеттері оның құқықтық мирасқорына өтеді және жаңа Келісім жасағанға немесе осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізгенге дейін сақталады.

2.3 Келісімнің күші еңбек қатынасында тұрған, олардың атынан және мұддесінде жасалған, Министрлік, Жұмыс берушілер мен Жұмыскерлерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Келісімде белгіленген тәртіппен оны жасағаннан кейін Келісімге қосылған Жұмыс берушілер мен Жұмыскерлерге қолданылады.

2.4 Келісімнің міндеттемелерін Ұйымдардың басшылары мен бастауыш кәсіподак ұйымдары жер-жерде іске асырады.

2.5 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Келісіммен салыстырғанда Жұмыскерлердің жағдайын нашарлататын ұжымдық шарттар мен келісімдердің талаптары жарамсыз болып табылады және қолдануға жатпайды.

2.6 Осы Келісімде көзделген еңбек құқықтары осы Келісімге өкілдері қол қойған жұмыскерлер мен Жұмыс берушілерге қолданылады.

Осы Келісімде көзделген әлеуметтік женілдіктер мен кепілдіктер кәсіподак мүшелеріне, сондай-ақ Кәсіподак мүшесі болып табылмайтын, бірақ Кәсіподак олардың мұдделерін білдіруге өкілеттік берген және ай сайын жалақысының кемінде 1% көлемінде кәсіподак ұйымының

есепшотына ақша қаражатын (жарна) аударатын Жұмыскерлерге қолданылады.

2.7 Кәсіподақ мүшелерінің еңбек және еңбекпен байланысты қатынас мәселелері бойынша өкілдік етуге және өз құқықтары мен мүдделерін корғауға кәсіподақ органдары тарапынан айрықша құқығы бар.

2.8 Жұмыс берушілер Ұйымдарда ұжымдық шарт, Ұйымның жұмыскерлерімен еңбек шарттарын жасау кезінде және жеке және ұжымдық дауларды шешу кезінде Келісімді қолдануға міндettі және оның әлеуметтік міндеттемелері ұжымдық шарттарды жасау кезінде ең төмен кепілдікті болып табылады.

2.9 Келісімнің қолданылу кезінде қабылданған және күшіне енген және Жұмыскерлердің әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсартатын заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілер Келісімнің тиісті тармақтарының қолданысын кеңейтеді.

2.10 Келісім тараптарының ешбірі Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде өзіне қабылдаған міндеттемелердің орындалуын бір жақты тәртіппен өзгерте немесе тоқтата алмайды.

2.11 Келісімге өзгерістер мен толықтырулар оны жасау үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен енгізіледі. Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Келісімге қосымшамен рәсімделеді, оның ажырамас бөлігі болып табылады және Жұмыскерлердің, Кәсіподақ органдарының және Жұмыс берушілердің назарына жеткізіледі.

2.12 Салада қажетті өкілеттік берілген Жұмыскерлер мен Жұмыс берушілердің арасынан тең құқылы негізде Ұжымдық келіссөздер жүргізу, Келісімді дайындау, жасау және орындалуын бақылау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Келісім тараптары өкілдерінің арасында туындастын келіспеушіліктерді реттеу бойынша әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия (бұдан әрі – Салалық комиссия) құрылады.

2.13 Келісім тараптары бір-біріне Келісімнің орындалу барысына қатысты әлеуметтік-экономикалық сипаттағы сұралатын мәселелер жөніндегі ақпаратты, бұл ақпарат коммерциялық құпия немесе жариялауға жатпайтын ақпарат болып табылмайтын жағдайда ғана толық және уақтылы ұсынады.

2.14 Келісімге қол қойған тараптар, өз өкілеттіктері көлемінде өзіне Кәсіподақ бірлестіктері, Жұмыс берушілердің бірлестіктері және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында Бас келісімнің міндеттемелерін қабылдайды.

### **III. Ұйымдардың өндірістік-экономикалық қызметі мен әлеуметтік дамуына жәрдемдесу**

3. Келісім тараптары:

3.1 Машина жасау саласында жұмыс істейтін кәсіпорындарды және елдің қорғаныс-өнеркәсіп кешенін қаржылық-экономикалық қолдаудың

тиімді мемлекеттік бағдарламасын қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыруға бар күшті жинақтап жұмылдырады, оның ішінде:

- айналым қаражатын толықтыру және өндірісті дамыту мақсатында қолайлы жағдайда кәсіпорындарды қаржылай қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеу, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыру және F3TKЖ қаржыландыру мақсатында кемінде 7 жыл мерзімге қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің квазимемлекеттік секторының кәсіпорындарын қолдау мақсатында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» АҚ қаражат бөлу бөлігінде қолдау көрсету;

- қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарында тікелей шетелдік және жергілікті жекеменшік инвестицияларды ынталандыру және елдің қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту шенберінде инвесторлар салған қаражатты қайтаруды қамтамасыз ету, инновациялық шетелдік технологияларды оқшауландыру және F3TKЖ ішкі бағыттарын дамыту мақсатында өндірілген өнімді жеткізуге ұзақ мерзімді келісімшарт жасасу жолымен осындаі кәсіпорындарға өнімді кепілдендірілген өткізуді (сатуды) қамтамасыз ету;

- қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің экспортқа бағдарланған кәсіпорындарын екінші деңгейдегі банктер және/немесе қаржы институттары арқылы экспорттық несиелендіруді субсидиялау жолымен қолдау.

3.2 Атқарушы билік органдарына Өндірістік сала факторлары зияндылығының және қауіптілігінің, еңбек процесі ауырлығының және қауырттылығының көрсеткіштері бойынша еңбек жағдайларына өтемақы жүйесін жетілдіру, сондай-ақ еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі Жұмыскерлер мен Жұмыс берушілердің экономикалық қызығушылығын арттыру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

### 3.3 Мыналарды:

- Ұйымдардың шаруашылық қызметін ойдағыдай қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға;

- Ұйымдарды техникалық қайта жараптандыруды ынталандыруға, инновациялық технологияларды енгізуға;

- отандық тауар шығаруға мемлекеттік қолдау алуға, мемлекеттік маңызы бар жобаларды әзірлеумен айналысатын ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдардың зерттеу және тәжірибелік эксперименттік базаларын жаңғыртуға, дамытуға;

- Қазақстанның ДСҰ-ға қосылудың келенсіз әлеуметтік салдарын барынша азайтуға;

- Ұйымдардың тәжірибесіне әлеуметтік жауапкершілікті енгізуға және зерттеуге бағытталған шаралардың іске асырылуына қол жеткізіледі.

3.4 Жұмыс беруші Ұйымды қайта құрған, қайта бейіндеу немесе өзгеше қайта құрған кезде Кәсіподақпен алдын ала консультациялар өткізуға міндетті.

3.5 Жұмыс беруші Ұйымдарда ұжымдық шартты, тиісті Келісімді жасауды және іске асыруды қамтамасыз етеді.

#### IV. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС РЕЖИМІ

4.1 Ұйымдарда жұмыс уақытының режимі Ұйымның ішкі еңбек күн тәртібінің қағидаларымен, сондай-ақ ауысым кестесімен анықталады, онымен Кәсіподақ органдарын таныстыруға ұсыныс жасалады.

4.2 Ұйым Жұмыскерлерінің жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс.

Жұмыскерлердің жекелеген санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қысқартылған жұмыс уақытының ұзақтығы белгіленеді.

4.3 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес Ұйымдарда:

- он төрттен он алты жасқа дейінгі Жұмыскерлер үшін – аптасына 24 сағаттан аспайтын;

- он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі Жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын;

- бірінші және екінші топтағы мүгедек Жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын;

- өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын болып белгіленеді.

Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы Қызметкерлердің (педагогикалық, медициналық және т.б.) басқа санаттары үшін де белгіленуі мүмкін.

Қызметкерлерге жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленген кезде еңбекке ақы төлеу Қазақстан Республикасының Еңбек кодекске сәйкес жүргізіледі.

4.4 Қызметкерлерді мерзімнен тыс жұмыстарға олардың келісімі болғанда ғана тартуға болады.

4.5 Әрбір Қызметкер үшін мерзімнен тыс жұмыстар бір тәулік ішінде екі сағаттан, ал ауыр дene жұмыстарында және еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда - бір сағаттан аспауға тиіс. Мерзімнен тыс жұмыстардың жалпы ұзақтығы айна он екі сағаттан және жылына жүз жиырма сағаттан аспауға тиіс.

4.6 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша демалыстардан бөлек, ұжымдық шарттарда көзделген жағдайда, Ұйым Қызметкерлеріне:

- Қызметкердің кәсіпорындағы жұмыс өтілі 15, 20, 25, 30 және 40 жылға жеткенде қосымша күн;

- жалақы сақталатын мерзімі күнтізбелік 3 күннен кем емес;

- жұбайының біреуі, отбасы мүшелері (балалары, ата-аналары, туган аға-інілері, апалары, қарындастары, сіңлілері) қайтыс болған болғанда;
- Қызметкер ресми некеге тіркелгенде;
- Қызметкерде бала туылғанда және (немесе) Қызметкер бала асырап алғанда қосымша ақы төленетін демалыс беріледі.

4.7 Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін Қызметкерлердің жыл сайынғы қосымша демалыстарының ұзақтығы, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істеген адамдарға қосымша еңбек демалысына және қысқартылған жұмыс қуніне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен қызметтердің тізімімен тікелей анықталады.

4.8 Қолданыстағы заңнамада, сондай-ақ келісімде көзделген қосымша ақы төленетін демалыс толығымен жыл сайынғы негізгі демалысқа қосылады.

4.9 Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу ол басталғанға дейін үш жұмыс қунінен кешіктірілмей, ал еңбек демалысы демалыс кестесінен тыс берілген жағдайда оны берген қуннен бастап үш жұмыс қунінен кешіктірілмей жүргізіледі.

4.10 Мектеп жасына дейінгі балалары бар Қызметкерлерге Жұмыс беруші олардың өтініші бойынша жалақысы сақталмайтын жылына ұзақтығы құнтізбелік 7 қүнге дейін қысқа мерзімді демалыс береді.

4.11 Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Ұйымның ұжымдық шарттының ережелеріне сәйкес қызметкерге оның алдын ала жазбаша өтініші бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс беруі мүмкін.

4.12 Жұмыс беруші бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған Қызметкерлерге олар үшін қолайлы уақытта жыл сайынғы ақы төленетін демалыс береді.

4.13 Тараптар ұжымдық шарттарда КР мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, сондай-ақ кәсіптік мереке – Машина жасау қуніне және Ұйымның мерейтойлық даталарына арналған спорттық-сауықтыру және мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастыру және оны қаржыландыру бойынша іс-шаралар өткізуді қарастыруға кеңес береді.

4.14 IV бөлім бойынша женілдіктер беру тәртібі Ұйымның ұжымдық шарттымен анықталады.

## V. ТАРИФТІК КЕЛІСІМ

5.1 Келісімде еңбекке ақы төлеу шарттары анықталатын ұжымдық шарттар мен еңбек шарттарының барлық деңгейі келісімге енгізілуі тиіс еңбекке ақы төлеу жөніндегі ең аз қажетті бір топ мәселе белгіленеді

5.2 Осы тарифтік келісімде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:



- жалақыны тарифтік реттеу – жұмысты (қызметкерлерді) тарифтеу нәтижесі бойынша анықталған жұмыстың (қызметкерлердің) тарифтік разрядтарына (еңбекке ақы төлеу разрядтары) байланысты түрлі тарифтік ставкалар (айлық ақы) белгілеу негізінде еңбекке ақы төлеуді саралау;

- жалақы – қызметкердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайына, байланысты еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер;

- көтерінкі салалық коэффициент – қызметі зиянды, ауыр және қауіпті еңбек жағдайларымен байланысты кәсіпорындардың қызметкерлеріне белгіленеді;

- еңбекке жарамды халықтың ең төмен күнкөріс деңгейі – тұтыну себетінің күндік бағасы, сондай-ақ міндетті төлемдер мен алымдар;

- тарифтік ставка (айлық ақы) – қызметкердің уақыт бірлігі ішінде белгілі бір күрделіліктері (біліктіліктері) еңбек нормасын (еңбек міндеттерін) орындағаны үшін еңбегіне ақы төлеудің белгіленген мөлшері;

- тарифтік коэффициент –тарифтік кестенің екінші және одан кейінгі тарифтік разрядтарының әрдайым бірге тең бірінші тарифтік разрядтың тарифтік ставкасына тарифтік ставканың (айлық ақының) қатынасы;

- жалақыдағы тарифтің үлес салмағы – заңнамада көзделген өтемақы сипатындағы үстеме мен қосымша ақыны есепке ала отырып, тарифтік ставкалар (айлық ақылар) мен кесімді бағалау бойынша есептелген тұрақты бөлігінің (негізгі жалақы) кәсіпорындағы еңбекке ақы төлеудің жалпы қорына қатынасы;

- айлық жалақының ең төмен мөлшері – біліктілікті қажет етпейтін қарапайым (онша күрделі емес) еңбек жұмыскері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген қалыпты жағдайларда және жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы кезінде еңбек міндеттерін орындаған кезде бір айда оған төленетін ақшалай төлемдердің кепілдік берілген ең төмен мөлшері.

5.3 Еңбекке ақы төлеу жүйесінің түрін, тарифтік ставкалардың мөлшерін, лауазымдық айлық ақылардың сұлбасын, материалдық көтермелеге нысандарын, өтемақы сипатындағы қосымша ақылар мен үстемелерді, оның ішінде қалыпты, ынталандыруши сипаттағы қосымша ақы мен үстемелер жүйесінен ауытқытын жағдайлардағы жұмысты анықтау және қайта қарау, сондай-ақ бір жыл ішіндегі жұмыстың қорытындысы бойынша сыйлықақы беру және сыйақы төлеу туралы ережелерді бекітуді Ұйым Кәсіподактың тиісті органдарымен келісім бойынша жүзеге асырады және ұжымдық шарттарда және Ұйымның ішкі қызметін реттеуші өзге де құжаттарда тіркеледі.

Жұмыс беруші қызметкерлердің еңбек ақысының оның нәтижелерімен байланысын қамтамасыз етеді, ол үшін еңбек жөніндегі нормативтік базаны жетілдіру және еңбекке ақы төлеу шарттарын әр қызметкерге жеткізу бойынша жұмысты ұйымдастырады.

5.4 Жұмыс беруші кәсіподақ ұйымының сайланбалы органдардың қатысуымен қамтамасыз етеді:

5.4.1 Ұйымның қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, еңбек өнімділігі мен өндіріс көлемінің артуына байланысты мамандардың, қызметшілер мен жұмысшылардың еңбек ақы төлеу қорының өсуі.

5.4.2 Қызметкерлердің жалақыны уақтылы, толық көлемде және ақшалай нысанда төлеу құқықтарын сақтауы.

Жалақы қызметкерге ақшалай нысанда төленеді. Қызметкерлерге жалақы төлеудің нақты күні ұжымдық шартта көрсетіледі. Қызметкердің жазбаша өтініші бойынша ұжымдық шартқа сәйкес аванс төленуі мүмкін.

5.4.3 Қызметкерлердің еңбек өнімділігі мен жалақысын көтеру негізінде табыстарының өсуі.

5.4.4 Қызметкердің келісімінсіз жалақының мөлшерін азайту есебінен еңбек үшін сыйақының дәстүрлі емес түрлеріне (заттай беру, сақтандыру және басқалары) жол бермеу.

5.4.5 Ұйымның қаржылық мүмкіншілігін есепке алғып орташа жалақыны Қазақстан Республикасындағы жұмысқа жарамды халықтың 5 ең төмен күнкөріс деңгейіне дейін біртіндеп көтеру бойынша шаралар қолдану.

5.4.6 Тиісті жылға республикалық бюджетте белгіленген ең төмен жалақыға кемінде 1.2 коэффицентпен 1-ші разрядты салалық ең төмен тарифтік ставканы белгілеу:

5.4.7 Қызметі зиянды, ауыр және қауіпті еңбек жағдайларымен байланысты Ұйым қызметкерлері үшін кемінде 1.1-1.3 мөлшерінде көтерінкі салалық коэффициент белгілеу.

5.4.8 Қызметкерлердің жалақысының тұтыну бағасының өсуімен байланысты индекстеу есебінен өсуін еңбек нормаларын ауыстыру және қайта қарau үшін негіз деп санамау.

5.4.9 Жалақы төлеу кезінде Жұмыс беруші әрбір қызметкерге тиісті кезең ішінде оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілетін ұстап қалу (әлеуметтік қорларға ұстап қалуды қоса алғанда) негіздері туралы, сондай-ақ төленуге тиіс жалпы ақша сомасы туралы хабарлайды.

5.4.10 Қызметкерлердің жалақы төлеу мерзімінің бұзылу мәселелері бойынша талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қарau.

## 5.5. Жұмыс беруші:

5.5.1 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жалақы бойынша төлемдердің кезектілігін;

5.5.2 егер еңбек, ұжымдық шарттарда неғұрлым ұзақ мерзім көзделген болса, олар енгізілгенге дейін 1 айдан кешіктірілмейтін мерзімде Ұйым кәсіподағының тиісті органымен алдын ала келісуді, еңбек нормаларын қайта қарауды, енгізу мен ауыстыруды, еңбекке ақы төлеу шарттарын тек экономикалық негіздеме негізінде өзгертуді қамтамасыз етеді.

5.6. Тараптар сала Қызметкерлерінің жалақы деңгейіне талдау жүргізеді және қажеттілігіне қарай жалақыны ұйымдастыруды жетілдіру

жөніндегі заңнамалық және нормативтік актілердің қабылдануына және олардың іске асырылуына қол жеткізеді.

#### 5.7 Қазақстан Республикасының кәсіподағы:

5.7.1 Атқарушы билік органдарының еңбекке ақы төлеудің ең төменгі мөлшерін көтеру, бағаның өсуіне байланысты еңбекке ақы төлеу тәртібін бекіту, сондай-ақ Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің тұрмыс деңгейін жақсартуға бағытталған басқа да әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешу туралы шешім қабылдауына қол жеткізуге;

5.7.2 Ұйымдағы еңбекке ақы төлеу және жұмыспен қамту мәселелері бойынша еңбек жанжалдарын реттеуге көмек беруге;

5.7.3 кәсіподақ кадрлары мен активке оқу өткізуға, ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу мәселелері бойынша кәсіподақ мүшелеріне заң және консультациялық көмек көрсетуге міндеттенеді.

#### 5.8 Еңбекке ақы төлеу.

Тарифтік Келісім Ұйым қызметкерлерін ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу шарттары мен тәртібін белгілейді:

Тариф жүйесін, өтемакы және ынталандыруши төлемдерді есептеу тәртібі мен шарттарын белгілеу;

Ұйымда бекітілген және қолданыстағы еңбек құқығы нормаларын қамтитын ішкі құжаттардың міндеттілігі;

нормативтік жалақы қорының (ЖҚ) пайдаланылуын және тарифтік ставкалардың, айлық ақылардың, еңбекке ақы төлеу жүйесінің дұрыстығын бақылау.

#### 5.9 Жалақы.

5.9.1 Қызметкерлерге еңбекақы төлеу үшін Ұйым бойынша Жұмыс берушінің актісімен күнтізбелік жылдың бірінші күнінен бастап еңбекке ақы төлеудің ең төменгі мөлшері белгіленеді.

5.9.2 Тұтыну бағасының өсуіне байланысты Ұйым Қызметкерлерінің жалақысын нақты ұсташа деңгейінің артуын қамтамасыз ету индекстеу арқылы, Ұйымның қаржылық мүмкіншілігін есепке алғып, жүзеге асырылады.

Тұтыну бағасының өсу индекстері Қазақстан Республикасының ресми мемлекеттік органдарының мәліметтері негізінде анықталады.

5.9.3 Осы Келісіммен ұсынылған тарифтік ставкалар (айлық ақылар) топтарының, тарифтік коэффициенттердің арақатынасы индекстеу кезінде сақталады.

5.9.4 Қызметкерлерге жалақы айына бір рет есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-шы күнінен кешіктірмей ақшалай нысанда (тенге) төленеді. Жалақы беретін айдың нақты күні ұжымдық шарттарда белгіленеді.

#### 5.10 Еңбекке ақы төлеу жүйесі.

5.10.1 Ұйымда мынадай еңбекке ақы төлеу жүйелері белгілену мүмкін (ЕАТЖ):

-уақытпен есептелетін;

- кесімді;



- уақытпен есептелетін-сыйлықақы;
- кесімді-сыйлықақы.

### 5.11 Жалақы құрылымы.

5.11.1 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, ұжымдық шартқа және еңбек шартына сәйкес жалақы:

а) тұрақты бөліктен (орташа айлық жалақының 75%-ын құрайтын негізгі жалақы);

- айлық ақылар, тарифтік ставкалар, кесімді бағалар бойынша еңбекке ақы төлеу;

- еңбекке ақы төлеу режимімен және жұмыс жағдайымен байланысты міндettі төлемдер, еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен ұстемеақылар, тұнгі уақыттағы, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс үшін, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті, ауыр жұмыс үшін қосымша ақы, экологиялық апат және радиациялық қауіп-қатер аймақтарында тұрумен және жұмыстарды орындаумен байланысты қосымша ақылар;

- ынталандырушы сипаттағы белгіленген қосымша ақылар (ұжымдық шартқа, Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес кәсіби шеберлігі үшін, жұмыс өтілі және т.б. үшін ұстемеақы);

б) біржолғы ынталандырушы төлемдер (орташа айлық жалақының 25%-ын құрайтын):

- сыйлықақылар, сыйақылар (ұжымдық шарттың, еңбек шартының талаптарымен және Жұмыс берушінің актілерімен белгіленген көрсеткіштерді орындауға байланысты төленетін ай, тоқсан үшін жұмыс нәтижелері бойынша ағымдағы сыйлықақы беру);

- төлем көзіне тәуелсіз біржолғы (бір реттік) сыйлықақылар;

- тоқсан, жартыжылдық, жыл үшін жұмыс қорытындысы бойынша сыйлықақылар (бонустар);

- біржолғы ақшалай сыйақылар (мерейтойлық, мерекелік күндерге және басқалары);

- бір реттік сипаттағы жұмыстарды орындау нәтижелері бойынша сыйлықақыдан тұрады.

### 5.12 Тарифтік ставкалар және айлық ақылар.

Жұмысшыларға тарифтік ставкалар және Ұйымның басшыларына, мамандары мен қызметшілеріне лауазымдық айлық ақылар осы Ұйымда бекітілген еңбекке ақы төлеуге арналған Бірыңғай тарифтік жүйеге сәйкес белгіленеді.

Ұйымның еңбекке ақы төлеудің бірыңғай тарифтік жүйесі осы Келісімде көзделген, ұсынып отырған Салалық тарифтік кестені есепке ала отырып әзірленеді.

Машина жасау саласы қызметкерлерінің салалық тарифтік кестесі (СТК) тарифтік разрядтар жүйесін, сондай-ақ барлық кәсіптер, қызметтер мен бірінші разрядты тарифтік ставка жөніндегі Қызметкерлердің кәсіби-білікті топтары үшін ставкалар (айлық ақылар) мөлшерін анықтайтын тарифтік коэффициенттерді білдіреді.

Келесі разрядтардың тарифтік ставкаларының мөлшері Ұйымның Бірынғай тарифтік кестесіне сәйкес 1 разрядты тарифтік ставканы тиісті тарифтік коэффициентке көбейту жолымен есептеледі.

Салалық тарифтік коэффициенттер	
Разряд	Ұсынылатын салалық тарифтік сетка (1-ші разрядты тарифтің деңгейіне)
1	1,0
2	1,25
3	1,5
4	1,75
5	2,00
6	2,25
7	2,5
8	2,80
9	3,15
10	3,32
11	3,50
12	3,70
13	3,95
14	4,21
15	5,30
16	6,06
17	7,58
18	8,6
19	9,4
20	10,0
21	11,0

СТК-де еңбекке ақы төлеу тарифтік коэффициенттердің төменнен жоғарыға қарай өсуімен 21 разряд бойынша сараланған.

Разрядтардың санын Ұйым дербес анықтайды.

Қызметкерлердің санаттары мен лауазымдарын біліктілік разрядтары бойынша бөлуді Жұмыс беруші төмендегі ұсынымдарды ескере отырып, дербес жүргізеді:

Қызметкерлердің санаттары мен лауазымдары		Разрядтар
1. Біліктілігі жұмысшылар, күзет	төмен	1-2
2. Біліктілігі жұмысшылар, орындаушылар	ортаса техникалық	3-8
3. Біліктілігі жұмысшылар	жоғары	5-8
4. Мамандар, жетекші мамандар		9-14
5. Бас мамандар		13-15
6. Дербес бөлімшелердің басшылары	құрылымдық	13-15
7. Ұйым басшылары		15-21

Ұйым басшылары орынбасарларының разрядтары Ұйым басшыларымен салыстырғанда 1-2 разрядқа төмен белгіленеді.

Бөлім басшыларын, мамандарды, қызметшілерді ОТК нақты разрядтарына жатқызған кезде лауазымдарға, жалпы салалық лауазымдардың сипаттамаларына, қолданыстағы лауазымдық нұсқаулықтарға қойылатын біліктілік талаптарын басшылықта алу керек.

Жалақыны ұйымдастырудың тарифсіз жүйесі қабылданған ұйымдарда айлық тарифтік ставкалар мен лауазымдық айлық ақылардың мөлшерін анықтау және тағайындау үшін СТК пайдалануға ұсыныс беріледі.

Ұйымдардағы еңбекке ақы төлеу жүйелері, материалдық көтермеленеу нысандары, сыйлықақы мен үстемеақы түрлері, тарифтік ставкалар (айлық ақылар) мөлшері Ұжымдық шартта және Ұйымның ішкі құжаттарында (Жұмыс берушінің актілерінде) белгіленеді және бекітіледі.

5.12.1 Қызметкердің айлық жалақысының ең төменгі мөлшері немесе айлық тарифтік ставкасының мөлшері мына формула бойынша анықталады:

Окл. = Мин. тар. ст.х Кмтк.,

Мұнда: Окл. – айлық тарифтік ставканың мөлшері.

Мин. тар. ст тенге – Ұйымда белгіленген 1-ші разрядтың ең төменгі тарифтік ставкасы.

К мтк. – Ұйымның еңбекке төлеу тарифтік жүйесіне сәйкес разрядаралық тарифтік коэффициент.

5.12.2 Қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары және жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделілігі кәсіптік стандарттар негізінде, ал олар болмаған кезде Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірінғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы мен Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары және ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары негізінде белгіленеді.



5.13 Ұстемеақылар, қосымша ақылар.

5.13.1 Атынан ұжымдық шарт жасалған Ұйымның Қызметкерлеріне еңбек сінірген жылдары үшін сыйақы төленуі мүмкін. Осы сыйақыны төлеу тәртібі мен мөлшері бекітілген бюджетте осы бап бойынша шығыстар болған және Ұйымда ақша қараждаты болған жағдайда Жұмыс беруші тиісті Кесіподақ органымен бірлесіп бекітетін ережемен анықталады.

5.13.2 Қызметкерлерге кәсіптік шеберлігі үшін ұстемеақы ұжымдық шартқа сәйкес төленеді.

5.13.3 Мерзімнен тыс уақыттағы жұмыс үшін еңбекақы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.

5.13.4 Мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс үшін еңбекақы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.

5.13.5 Тұнгі уақыттағы жұмыс үшін еңбекақы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.

5.13.6 Қызметкердің кінәсінен болмаған іркіліс уақыты үшін еңбекақы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес орташа жалақының кемінде 50% мөлшерінде белгіленеді.

5.13.7 Қызметтерді қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймағын кеңейту) немесе уақытша болмаған Қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, ұжымдық шартқа сәйкес жүргізіледі.

5.13.8 Еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істеген қызметкерлерге жұмыс орындарын аттестаттау немесе тестілеу нәтижелері бойынша қосымша ақылар мен женілдіктер беріледі.

5.13.9 Ұйымның жолдамасы бойынша білім беру ұйымдарында оқытын Ұйым Қызметкерлеріне емтихандар тапсыру, диплом жобасын (жұмысын) дайындау және қорғау, бітіру емтихандарын тапсыру кезінде демалыс ақысы Қызметкердің орташа жалақысы бойынша жүргізіледі.

5.13.10 Жұмысшыларға бригадаға (аудысымға) басшылық жасағаны үшін қосымша ақы Ұйымның ұжымдық шартына және Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес төленеді.

5.13.11 Құрылымдық бөлімшелер басшыларының, мамандар мен қызметшілердің лауазымдық айлық ақыларына жеке дербес ұстемеақылар Ұйымның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте және жағдайда ұстемеақы қорлары мен нормативтік ЖҚ белгілеген шекте жоғары кәсіби шеберлігі үшін Ұйымның ұжымдық шартына сәйкес белгіленеді.

5.14 Сыйлықақылар, сыйақылар.

5.14.1 Жұмысшыларға жалақының сыйлықақы бөлігі (ай, тоқсан жұмыстарының нәтижелері бойынша ағымдағы сыйлықақы) Ұйымның бюджетінде бекітілген ЖҚ шегінде белгіленген шарттар мен көрсеткіштерді орындағаны үшін, Ұйымның ішкі құжаттарында, ұжымдық шарттарда белгіленген тәртіпте және жағдайларда есептеледі.

5.14.2 Басшыларға, мамандар мен қызметшілерге жалақының сыйлықақы бөлігі (ай, тоқсан жұмыстарының нәтижелері бойынша

ағымдағы сыйлықақы) Ұйымның бюджетінде бекітілген ЖҚ шегінде белгіленген шарттар мен көрсеткіштерді орындағаны үшін, Ұйымның ішкі құжаттарында, ұжымдық шарттарда белгіленген тәртіпте және жағдайларда есептеледі.

5.14.3 Жұмысшылар жалақысының сыйлықақы бөлігінің деңгейі пайызben белгіленеді:

- еңбекке ақы төлеудің кесімді нысаны бойынша жұмыс істейтіндерде кесімді бөліктен;

- еңбекке ақы төлеудің мерзімдік нысаны бойынша жұмыс істейтіндерде мерзімдік бөліктен (тариф, айлық ақы).

5.14.4 Ұйымның ішкі құжаттарына, ұжымдық шартқа сәйкес осы мақсатқа арналған қаражат болған кезде қызметкерлерге бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы төленуі мүмкін.

## VII. Кадрлық әлеуетті дамыту

Жұмыс беруші мыналарды қамтамасыз етеді:

6.1 Ұйым қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамыту мақсатында Жұмыс беруші өндірістік қажеттілікті ескере отырып, Ұйымның қаржылық қаражаты есебінен кадрлардың біліктілігін арттыруды және кәсіптік қайта даярлауды көздейтін персоналды оқыту жүйесін ұйымдастырады.

6.2 жаңа қызметкерлерді тікелей өндірісте даярлау кезінде теориялық сабактар мен өндірістік оқу Ұйымның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жастары, мамандықтары мен өндірістері сәйкес келетін қызметкерлер үшін жүргізіледі.

6.3 Өндірістегі кәсіптік оқу аяқталған соң Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіпперінің бірінғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіпперінің бірінғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына сәйкес мамандығы бойынша жұмысшыға біліктілік (разряд, класс, санат және т.б.) беріледі және алған біліктілігіне (разряд, класс, санат және т.б.) сәйкес жұмыс беріледі.

6.4 Өндірісте кәсіптік оқытудан өтіп жатқан немесе оқу орындарында өндірістен қол үзбей оқып жатқан қызметкерлерге Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ұжымдық шартқа сәйкес жұмысты окумен қатар алғып жүру үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

6.5 Біліктілік разрядтарын көтерген кезде немесе жұмыс бабында жоғарылаған кезде Қызметкерлердің өндірістегі кәсіптік оқытуды, жалпы білім беретін және кәсіптік даярлықты ойдағыдай өткені, сондай-ақ олардың жоғары немесе орта кәсіптік білімі ескерілуі тиіс.

6.6 Уәкілетті органдар машина жасау саласын дамыту бағдарламасын, онда кадрлардың кәсібиілігін арттыруын, Қызметкерлердің жұмыстан босатылуының алдын алу шаралары мен жұмыссыздықтан қорғауды, негізінде Ұйымның ұжымдық шарттарының тиісті бөлімдері жасалатын Ұйым қызметкерлерінің кәсіптік әлеуетін сақтауын және ұтымды пайдалануын бейнелеп көрсете отырып әзірлейді.

6.7 Жұмыс беруші мен кәсіподақ үйымдары Ұйымда жас кадрларды орнықтыру, олардың кәсіптік шеберліктерін арттыру және өндірістік проблемаларды шешуде шығармашылық белсенділігін дамыту, мәдени дамуы мен бос уақытын, жас қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын жақсарту мақсатында тиісті іс-шараларды әзірлейді және іске асырады.

## VII. ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ: ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӘЙЕЛДЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР МЕН ЖЕҢІЛДІКТЕР

Жұмыс беруші:

7.1 Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істейтін әйелдерге басқа мамандық таңдау мүмкіндігін беруге;

7.2 16 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге олардың жеке өтініші бойынша айына жалақысы сақталмайтын 1 бос күн беруге.

7.3 Жұмыс беруші жүкті әйелдердің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар (ұл, қыз асырап алушы) ата-аналардың бірінің жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақытын белгілейді.

Әзге жағдайларда толық емес жұмыс уақыты тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

7.4 Бастауыш мектепте оқитын балалары бар әйелдерге бір жұмыс істемейтін күн – 1 қыркүйекте жалақысы сақталған демалыс беруге.

7.5 14 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге ұзақтығы 2 жұмыс күнінен кем емес қосымша ақылы демалыс беруге міндеттенеді.

Тараптар әйелдердің еңбек жағдайын, тұрмысы мен демалысын жақсарту бойынша жұмысты тұрақты жүргізу жөнінде келісімге келді.

## VIII. ЖАСТАР САЯСАТЫ. ЖАС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР МЕН ЖЕҢІЛДІКТЕР

8.1 29 жасқа дейінгі, өндірістен қол үзіп ЖОО-да, АОО-да толық оқу курсын аяқтаған және тікелей оқу орнын аяқтағаннан кейін 3 ай ішінде алған мамандығының бейіні бойынша Ұйымға жұмысқа орналасқан адамдар жас мамандар болып есептеледі.

Жас маманның мәртебесі жас маманның міндеттемесі Ұйымда кемінде 3 жыл жұмыс істеген жағдайда Жұмыс берушімен еңбек шартын жасасқан сәттен бастап есептеледі.

8.1.1 Тараптар тәмендегілерді Ұйымдағы жасар саясатының бірлескен жұмысының басым бағыттары деп санайды:

- жастармен оқу орындарында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу және жас қызметкерлерді Ұйымда орнықтыру;

- олардың кәсіби біліктіліктерін арттыруға және қызмет бабында өсуіне көмектесу;

- жастардың шығармашылық белсенділігін дамыту;

- құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;



- жастардың бос уақытын, дene шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмысты жандандыру және қолдау.

8.2 Осы мақсатта Жұмыс беруші мен Ұйым Кәсіподағы:

8.2.1 Ұжымдық шартқа тиісті білім енгізеді;

8.2.2 Жастар саясатының кәсіподақ түжірымдамасын есепке ала отырып кешенді жастар бағдарламасын әзірлейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

8.3 Ұйымның Жұмыс берушісі:

8.3.1 Жалпы білім беретін және арнаулы оқу орындарының бастапқы, орта және жоғарғы кәсіптік білім беру орындарын аяқтаған, сондай-ақ бюджетпен бекітілген сан шегінде шақыру бойынша өскери қызметін өтегеннен кейін ұйымға қайтып оралған адамдар үшін жұмыс орындарын квоталауды қарастырады.

8.3.2 Өскери қызметін өтегеннен кейін қайтып оралған және ұжымдық келісімге сәйкес кемінде 3 жыл Ұйымда одан әрі жұмыс істейді деген шартпен жұмысқа қабылданған жас қызметкерлерге материалдық көмек көрсетеді.

8.3.3 Ұйымның жолдамасымен өндірістен қол үзбей оқитын қызметкерлерге, Қызметкердің орташа жалақысы бойынша ақылы оқу демалысын, сондай-ақ егер бұл ұжымдық шартта көзделген болса басқа да женілдіктер береді.

8.3.4 Жас қызметкерлерге сомасы және қаражаттың мақсатты пайдаланылуы ұжымдық шартпен немесе Кәсіподақпен келісілген Ұйымның ішкі құжаттарымен анықталатын материалдық көмек көрсетуге және қарыз (несие) беруге қаражат қарастырады;

8.3.5 Жас қызметкерлерге Кәсіподақпен келісім бойынша Ұйымға қажетті мамандықтар бойынша егер бұл ұжымдық шарттарда көзделген болса, ұйымның қаражаты есебінен жоғары және арнаулы оқу орындарына окуға жіберуге басым құқық береді;

8.3.6 Басқа қалалық жас мамандарға еңбек шартын жасасқан кезде және ұжымдық шартқа сәйкес орналасуға Ұйымның ішкі құжатының негізінде 10 минималды жалақыдан кем емес мөлшерде біржолғы материалдық көмек төленуі мүмкін.

8.4 Жұмыс беруші жастарды Ұйымға тарту және Кәсіподақтың пікірін есепке ала отырып және қаржылай мүмкіндік болған жағдайда бастауыш, орта, жоғары кәсіптік білім беретін оқу орындарында жас мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында:

- оқу ұйымдарына пайдаланылмайтын өндірістік қуат пен жабдықты өтеусіз береді;

- арнайы пәндердің оқытушыларын өндірісте тағылымдамадан өткізеді;

- жақсы оқитын оқушылар мен студенттерге атаулы стипендиялар белгілейді;

- оқушылар мен студенттерді өндірістік практикаға қабылдайды және олардың ішінен еңбек қатынасы рәсімделгендеріне жұмыс уақытына ақы төлейді.

8.5 Тараптар жыл сайын Ұйымдарда «Мамандығы бойынша ең үздік жас жұмысшы», «Ең үздік жас маман» атағына республикалық кәсіби шеберлік конкурстарын өткізеді.

## IX. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

9.1 Жұмыс беруші Кәсіподактың тиісті органдарының қатысуымен Қызметкерлердің босатылуын болжау бойынша жұмысты жүзеге асырады. Өндіріс көлемі уақытша қысқарған кезде Қызметкерлердің жаппай жұмыстан босатылуын болдырмау мақсатында Жұмыс берушілер Кәсіподак органдарымен бірлесіп тиісті іс-шараларды өзірлейді.

9.2 Жұмыс беруші болжанған қысқарту күніне дейін екі ай бұрын тиісті Кәсіподак органына бұл туралы хабарлап, қызметкерлерді жаппай босату туралы шешім қабылдайды.

9.3 Ұйымды тарату, Қызметкерлердің санын немесе штатын қысқарту және болуы мүмкін Қызметкерлермен жасалған шарттарды бұзу туралы шешім қабылдаған кезде Жұмыс беруші:

- босатылуы тиіс Қызметкерлердің кандидатураларына іріктеу жүргізеді, сондай-ақ Еңбек кодексінде көзделген кепілдіктерді есепке ала отырып, жұмыста қалдыруға басым құқықты іске асырады;

- Кәсіподактың тиісті органдарына Қызметкерлерді жаппай жұмыстан босату жөніндегі мәліметтерді (қысқарту күні басталғанға дейін 2 (екі) айдан кешіктірмей) уақытының ұсынады;

- Әр Қызметкерді жұмыстан босату жөнінде (қысқарту күні басталғанға дейін 1 (бір) айдан кешіктірмей) ескереді;

Еңбек қатынастарын тоқтату Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Жұмыс беруші Қызметкерлердің төмендегі санаттарымен штаттың қысқартылуы бойынша:

- 3 жасқа дейінгі балалары бар қызметкер әйелдермен;
- жүкті әйелдермен;
- 14 жасқа дейінгі балалары бар жалғыз басты аналармен;
- 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары бар қызметкерлермен;
- Ұйымда жұмыс кезінде еңбек жарақатын, кәсіби ауру алған адамдармен;

- «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік

жасқа толуға екі жылдан аз қалған қызметкерлермен еңбек шартын бұзбайды.

9.3.1 Ұйым қызметкерлерінің санын немесе штатын қысқартқан кезде Қызметкерлерді жаппай жұмыстан босатудың критерийі жұмыс істейтіндердің жалпы санынан 10 пайыз көп мөлшерде қызметкерлерді жұмыстан шығару болып табылады.

9.4 Қызметкерлердің санының немесе штаттың қысқартылуына байланысты алдағы уақытта жұмыстан шығарылатыны жөнінде ескертілген қызметкерге жұмыс іздеу үшін уақыт беріледі. Бұл уақыттың ұзақтығы ұжымдық шартта белгіленеді.

9.5 Жұмыс беруші Ұйымның қаржылық мүмкіндіктеріне сүйеніп, Кәсіподактың тиісті органының қатысуымен әлеуметтік қолдау қорын құра алады, оның есебінен:

- Ұйымның барлық жұмыстан босатылатын Қызметкерлеріне және бірінші кезекте екі және одан көп асырауында жан бар болған кезде Қызметкерлерге, отбасында жеке табыс табатын Қызметкерлер жоқ адамдарға материалдық көмек көрсетіледі;

- заңнамада белгіленген қызметтен босағанда алатын жәрдемақыдан тыс жұмыстан шығарылған кезде өтемақы төленеді.

9.6 Жұмыс беруші Кәсіподак органдарымен бірлесіп техникалық қайта жарақтандыруға және Ұйымды дамытуға сәйкес, өзінің қаржылық жағдайын есепке алып, жұмыстан босатылатын Қызметкерлер мен жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта оқыту үшін жағдай жасайды, тиісті оқу жоспарлары мен бағдарламалар әзірлеуді жүзеге асырады.

9.7 Өндірістен қол үзіп қайта даярлауға (қайта мамандануға) жіберген кезде Қызметкердің бүкіл оқыған кезеңіне орташа жалақысы сақталады.

9.8 Жұмыс беруші кәсіподак комитетін ескертіп, зейнеткерлік алдындағы жастағы адамдардан басқа (зейнеткерлікке шығуға 3 жыл қалған), Ұйымда кемінде 10 жыл үзіліссіз жұмыс өтілі барларға 3 айға дейінгі мерзімге толық емес жұмыс уақытын енгізеді.

9.9 Егер қызметкерлерді алдағы босату туралы ескерту кезеңінде тұластай Ұйым бойынша Қызметкерлердің еңбек ақысының көлемі өседі, бұл өсу жұмыстан босатылатын Қызметкерлерге қатысты болады.

9.10 Жұмыстан босатылатын Қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгеннен төмен емес көлемде женілдіктер мен өтемақылар беріледі.

Ұйымда 10 және одан көп жыл жұмыс істеген Қызметкерлерге қызметтен босаған кезде алатын жәрдемақы жоғары мөлшерде төленуі



мүмкін. Қызметтен босаған кезде алатын жәрдемақының көлемі ұжымдық шартта белгіленеді.

9.11 Жұмыс беруші кәсіптік білім беру мекемелерін бітірушілерді жұмысқа орналастыру және оларды жұмыс орындарына орнықтыру бойынша іс-шаралар өзірлейді.

9.12 Жұмыс беруші кадрларды кәсіби даярлауды ұйымдастыру бойынша шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

## X. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

10.1 Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, басқа заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге, қағидаларға, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарға, өнірлік және салалық арнаулы және басқа да бағдарламаларға, Келісімге сәйкес Қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайы мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етеді.

10.2 Ұйымдарда қажетті нормативтік-техникалық құжаттамалар өзірленеді, еңбекті қорғау және өндірістік жарақаттанудың алдын алу, қызметкерлерге өндірістік ортанды зиянды факторларының әсерін болдырмау жөніндегі ұйымдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-профилактикалық және басқа да қажетті іс-шаралар өткізеді.

Жаңа материалдарды, тиісті сертификаттары жоқ шикізаттарды қолдануға рұқсат етілмейді.

10.3 Жұмыс беруші ұжымдық шартта қорғау және еңбек қауіпсіздігі шарттарын жақсарту бойынша іс-шараларды, санитарлық-сауықтыру іс-шараларын алдын ала қарастырады және оларды Кәсіподактың тиісті органымен келіседі.

10.4 Жұмыс беруші үнемі Ұйымның ұжымдық шартында, еңбекті қорғау жөніндегі келісімде белгіленген мерзімде, бірақ бес жылда кемінде бір рет Кәсіподак өкілінің (өкілдерінің) қатысуымен тиісті өлшеу құралдарын пайдаланып еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарына атtestаттау жүргізеді.

Ұйымдарда еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды атtestаттау еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын атtestаттау нәтижелеріне сүйеніп жүргізіледі.

10.5 Кәсіподак қызметкерлердің еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.

10.6 Жұмыс беруші тиісті мамандық қызметкерлерінің ауысым алдындағы (еңбек қызметі барысында) міндettі мерзімдік медициналық тексеру жүргізуі үйымдастырады.

Тиісті мамандық қызметкерлерін ауысым алдындағы міндettі және мерзімдік (еңбек қызметі барысында) медициналық тексерулер Ұйымның қаражаты есебінен жүргізіледі.

Қызметкер міндettі медициналық тексеруден өтуден жалтарған кезде, сондай-ақ медициналық қарсы көрсетілімдер жағдайында Жұмыс беруші қызметкерді еңбек міндettерін орындауға жібермейді.

Кәсіподақ Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілеген мерзімдерге сәйкес міндettі медициналық тексерулердің уақытында жүргізуін бақылайды. Кәсіподақ Жұмыс беруші мен емдеу-профилактикалық мекемелерінің өндірістегі жазатайым жағдайлар, улану және кәсіби аурулар кезінде сала Қызметкерлеріне медициналық көмектің дер кезінде қамтамасыз етілуін бақылайды, сондай-ақ емдеу-профилактикалық мекемелермен қарым-қатынаста қызметкерлердің мұдделерін білдіреді.

10.7 Жұмыс беруші мен Кәсіподақтың тиісті органы Қызметкерлерге химиялық заттардың тізбесінің негізінде сүт немесе басқа да емдеу-профилактикалық тамақ өнімдерін тегін беруге байланысты мәселелерді бірлесіп шешеді, олармен жұмыс істеген кезде профилактикалық мақсатта сүтті немесе емдеу-профилактикалық тамақтың басқа да өнімдерін, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлерге сүтті немесе емдеу-профилактикалық тамақтың басқа да өнімдерін тегін беру нормалары мен шарттарын қолдануға кеңес етіледі.

Сүт немесе емдеу-профилактикалық тамақтың басқа да өнімдері Қызметкерге тікелей осы жұмыстарда оның ұзактығына қарамастан нақты жұмыс істеген күндеріне беріледі.

10.8 Еңбек және демалыс режимдерінде белгіленген еңбек жағдайларына қойылатын нормативтік талаптар бұзылған жағдайда қажетті жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етпеген жағдайда қызметкер анықталған бұзушылықтарды жойғанға дейін жұмысты орындаудан бастартуға құқылы.

Қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етпеуге байланысты жұмысты орындаудан бастарту тәртіптік жаза қолдану үшін негіз бола алмайды.

10.9 Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етпеген кезде Еңбекті қорғау қағидаларының анықталған бұзушылықтарын жойғаннан соң ғана жұмыстарды жүргізуге рұқсат етіледі.

10.10 Аварияларды жоюмен және Қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне қауіп бар болған жағдайларда жүргізілетін қауіпсіз еңбек жағдайын жасаумен байланысты жұмыстар Жұмыс беруші мен Қызметкерлер арасындағы арнайы шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

Еңбекке ақы төлеуді, өтемақының түрі мен мөлшерін, жұмыс режимін қоса алғанда, мұндай шарттардың негізгі ережелері, оларды жасау тәртібі мен қолданылуы ұжымдық шарттарда алдын ала келісілуі тиіс.

10.11 Өндірістік факторлардың және жұмыс орнында еңбек процесі факторларының нормативтік мәндері артқан кезде жұмыс жүргізу үшін ұжымдық шарттарда алдын ала келісілетін міндетті шарттар мыналар болып табылады:

- бұл ретте толық жұмыс ауысымы үшін барлық женілдіктер мен еңбек ақыны сақтай отырып жұмыс ауысымының қалыпты ұзақтығын бір сағатқа қысқарту;

- зиянды еңбек жағдайы үшін қосымша демалыс беру;

- жеке қорғаныш құралдарын және т.б. міндетті пайдалану.

Нормативтік құқықтық актілерде белгіленгеннен артық өтемақы беруге арналған шығыстар Ұйымның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

10.12 Қызметкерге еңбек жағдайларының еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келмеуі себепті жұмыс орындарында жұмысты тоқтата тұрган кезде жұмыс орны мен орташа жалақысының сақталуы қамтамасыз етіледі.

10.13 Жұмыс беруші жұмысқа қабылданатын Қызметкерлерге еңбек жағдайлары, олардың зияндылық және қауіптілік дәрежелері, денсаулық үшін ықтимал жағымсыз салдары, қажетті жеке қорғаныш құралдары, өтемақы, еңбек және демалыс режимі туралы хабарлайды. Мұндай ақпарат Қызметкердің өтініші бойынша және оның еңбек процесінде берілуі тиіс. Еңбек жағдайының, ауыр жұмыс үшін берілетін өтемақылар мен женілдіктердің және зиянды немесе қауіпті еңбек жағдайларының дәйекті сипаттамалары Қызметкерлермен жасалатын еңбек шарттарында көрсетіледі.

10.14 Жұмыс берушінің бастамасымен және (немесе) Қызметкерлердің не олардың өкілдерінің бастамасымен қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылады. Оның құрамына техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда, жұмыс берушінің өкілдері, Қызметкерлердің өкілдері тепе-тендік негізінде кіреді.

10.14.1 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамы Жұмыс берушінің және Қызметкерлердің өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі.

10.14.2 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесті еki жылдық кезеңділікпен ротация негізінде Жұмыс беруші мен Қызметкерлер өкілдерінің арасынан кеңес мүшелері сайлайтын тәраға басқарады.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімдері Жұмыс беруші мен Қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

10.14.3 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес Жұмыс беруші мен Қызметкерлердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жаракаттанудың және кәсіби аурудың алдын алу бойынша бірлескен іс-қимылын ұйымдастырады, сондай-ақ техникалық еңбек инспекторларының жұмыс орындарында еңбек жағдайлары және оны қорғау жөнінде тексерулер жүргізуін ұйымдастырады.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың кандидатураларын көсіподак, ал ол болмаған жағдайда ұйым Қызметкерлерінің жалпы жиналысы оған қызметкерлердің үштен екісі қатысқан жағдайда көпшілік дауыспен ұсынады.

10.14.4 Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен бекітіледі.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ оларды бақылауды жүзеге асыру тәртібі қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен белгіленеді.

10.15 Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін жұмыс ауысымы ішіндегі орташа табысы көлемінде ақылы ұзақтығы ұжымдық шартта алдын ала келісілетін, бірақ аптасына кемінде 2 сағат бос уақыт беріледі.

10.16 Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмыстан шығарылуы жұмыскерлер өкілдерінің пікірлерін есепке алғандағанда болуы мүмкін.

10.17 Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының еңбек және өзге де заңнамаларына сәйкес өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеруге және есепке алуды жүргізуге міндетті.

10.18 Жұмыс беруші «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бүйрүғына сәйкес барлық

қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларга нұсқама беру және білімдеріне тексеру жүргізеді.

10.19 Ауыр жұмыстарда және еңбек жағдайлары зиянды немесе қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге Жұмыс беруші Қазақстан республикасының заңнамасында және ұжымдық шартта белгіленген өтемақы беруге міндettі.

10.20 Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда, сондай-ақ ерекше температуралық жағдайда жүргізілетін немесе ластанумен байланысты жұмыстарда Жұмыс беруші Ұйымның қаражаты есебінен Қызметкерлерді белгіленген нормаларға сәйкес арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен және басқа жеке қорғану құралдарымен тегін қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерге жеке қорғану құралдарын беру Қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Беруге міндettі арнайы киімнің, арнайы аяқкиімнің, оның ішінде жылы, басқа да жеке қорғану құралдарының тізбесі, сондай-ақ оларды беру нормалары ұжымдық шартта бекітіледі.

Тиісті арнайы киімсіз, арнайы аяқкиімсіз және басқа да жеке қорғану құралдарынсыз жұмыс істеуге тыйым салынады.

10.21 Ластанумен байланысты жұмыстарда істейтін Қызметкерлерге белгіленген норма бойынша сабын және басқа да майдан айыратын құралдар тегін беріледі.

10.22 Еңбек процесінде қажет жұмыс құрал-сайманы мен құрылғылар, аспаптар, жеке қорғану құралдары Қызметкерге тегін беріледі.

Қызметкер заңнамаға сәйкес өзіне берілетін жұмыс құрал-сайманының, құрылғылардың, аспаптар мен жеке қорғану құралдарының сақталуына және дұрыстығына жауапты болады.

Құрал-сайман, құрылғылар, аспаптар мен жеке қорғану құралдары тегін жөнделеді.

## XI. ӘЛЕУМЕТТИК КЕПІЛДІКТЕР; ЖЕНЦІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫЛАР

11.1 Еңбек міндettterін орындаумен байланысты Қызметкерлерге келтірілген зақым, кәсіби ауру немесе өзге де денсаулығының бұзылуымен келтірілген зиянды өтеу бойынша қатынастар «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндettterін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, оған сәйкес қабылданатын нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

11.2 Зардап шегушінің өтініші бойынша зиянды өтеудің ақшалай сомасын заңнамада белгіленгенмен салыстырып өсіру Ұйымның өз қаражаты есебінен жүргізіледі және ұжымдық шартта көрсетіледі.

11.3 Жұмыс орнында ауырған немесе жарақат алған Ұйым қызметкерлерін емдеу мекемелеріне алып бару Ұйымның есебінен жүргізіледі.

11.4 Ұйымның Жұмыс берушісі:

11.4.1 Қызметкер өндірісте қайтыс болған, сондай-ақ мүгедектің еңбек жарақаты (кәсіби ауру) салдарынан болған өлімі ұжымдық шартқа сәйкес:

- жерлеумен байланысты шығынды төлейді;
- қайтыс болған (өлген) адамның онымен бірге тұрған отбасына оның үш есе орташа айлық табысынан кем емес мөлшерде біржолғы жәрдемақы төлейді.

11.5 Қызметкердің қазасы еңбек міндеттерін орындаумен байланысты болмаған жағдайда қайтыс болған адамның онымен бірге тұрған отбасына ұжымдық шартқа сәйкес, Ұйымның қаржылық мүмкіншілігі болған жағдайда, қайтыс болған адамның орташа айлық мөлшерде біржолғы жәрдемақы төленеді.

11.6 Құрметті демалысқа кетуіне байланысты (зейнеткерлік жасқа жеткен кезде) Қызметкердің бастамасымен еңбек шартын бұзған кезде, ЕК 52-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көзделген негіз бойынша Қызметкердің бастамасымен еңбек шартын бұзған кезде, сондай-ақ оған кәсіпорында одан әрі жұмысты жалғастыру мүмкіндігін болдырмайтын мүгедектің I және II тобын белгілеу себепті еңбек шартын бұзған кезде адал еңбегі үшін біржолғы көтермелеу саладағы жұмыс өтілімен төмендегідей мөлшерде төленеді:

- 10 жылға дейін – бір айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес;

10-нан – 15 жылға дейін – 1,5 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес;

15-тен – 20 жылға дейін - 2 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес;

20-дан – 25 жылға дейін - 2,5 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес;

25-тен- 30 жылға дейін – 3 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес;

30-дан – 35 жылға дейін - 3,5 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес;



40 жылдан артық - 4 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставқадан кем емес.

11.7 Жұмыс беруші Кәсіподак органдарымен келісім бойынша және Ұйымның мүмкіндіктерін ескере отырып, ішкі құжаттарға және Ұйымның ұжымдық шартына сәйкес:

- отбасыларының жиынтық табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен қызметкерлерге қаржылай көмек көрсетеді;
- Қызметкерлерге тамаққа жәрдем қаржыны және көлік қызметіне жұмсалған шығынның орнын толтыруды Ұйымның қаражаты есебінен төлейді;
- Қызметкерлерді ыстық тамақпен қамтамасыз етеді.

Ұйым Қызметкерлеріне әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетудің нақты нысандары, көтеріңкі жеңілдіктер, кепілдіктер мен өтемақылар ұжымдық шарттарда көзделеді.

11.8 Жұмыс беруші ағымдағы спорттық, мәдени-көпшілік іс-шараларды қаржыландыруды, балалар мекемелеріне (мектеп, бала бақша, балалар үйі, спорт клубы және басқалары) шефтік көмек көрсету, мұқтаж Қызметкерлерге материалдық көмек көрсету, Қызметкерлерді шипажайлыш-курорттық емделуге және сауықтыруға, осы мақсат үшін бастауыш кәсіподак ұйымының есепшотына Ұйымның еңбекке ақы төлеу қорынан кемінде 1% (бір пайыз) мөлшерінде ай сайын аударымдарды көздей отырып жолдамалармен қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

11.9 Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша ауруды куәландыру қағазы жылына 30 күннен (240 жұмыс сағаты) көп емес Қызметкердің орташа жалақысы бойынша, қалғаны Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұжымдық шарттарға сәйкес төленеді.

## **XII. ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТИНІҢ ЖҰЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ҮШІН ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ**

12.1 Жұмыс беруші Кәсіподак қызметіне, Қызметкерлер мен олардың өкілдерінің занды құқықтарын іске асыруға жәрдемдеседі, Кәсіподак қызметіне жәрдемді Ұйым мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары және Ұйымның басқа да лауазымды тұлғалары тарарапынан қамтамасыз етеді.

12.2 Жұмыс беруші Ұйымның балансындағы өзіне жалға берілген ғимараттарды, құрылышты, үй-жайларды және басқа объектілерді, сондай-ақ ұжымдық шарт жағдайында қызметкерлермен және олардың отбасы мүшелерімен демалыс ұйымдастыру, мәдени-ағарту, дene шынықтыру-

сауықтыру жұмыстарын жүргізу үшін қажет демалыс базасын, спорт және сауықтыру орталықтарын Кәсіподақтың пайдалануына бере алады.

12.3 Кәсіподақ жұмысын жүргізу, еңбек туралы заңнаманың, еңбектің қорғау жөніндегі қағидалардың сақталуын, Ұжымдық шарттың, Келісімнің орындалуын, Қызметкерлерге тұрғын үй-тұрмыстық қызмет көрсетілуін бақылауды жүзеге асыру үшін Ұйымдағы кәсіподақ органдарының мүшелері, жоғары тұрған кәсіподақ органдарының өкілдері:

- Ұйымдағы цехтарға, бөлімдерге, шеберханаларға, басқа да жұмыс орындарына кедергісіз баруға және көруге;

- Ұйымның сауда және қоғамдық тамақтану бөлімшелерінің, емханаларының (денсаулық пункттерінің), мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, жатақханалардың, қызмет көрсетуші қызметкерлерінің жұмысын тексеруге құқылы.

Кәсіподақтың жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін Жұмыс беруші;

- «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Әкімшілік пен кәсіпорындағы еңбекшілер арасындағы байланыстар туралы» 1967 жылғы 28 маусымдағы № 129 МОТ ұсынымына сәйкес оған әлеуметтік-енбек және басқа мәселелер бойынша барлық қажетті ақпаратты кедергісіз береді;

- Ұжымдық шартта белгіленген уақыт шегінде кәсіподақ жиналыстарын жұмыс уақытында (тоқсанына кемінде бір рет) өткізуге көмектеседі.

12.4 Кәсіподақ мүшелері болып табылатын Қызметкерлердің жазбаша өтініштері болған жағдайда, Жұмыс беруші мүшелік кәсіподақ жарналарын Қызметкерлердің жалақысынан ай сайын және тегін ұстап қалады, және ұжымдық шартқа сәйкес оны бір мезгілде төлей отырып Кәсіподақтың есепшотына аударады.

12.5 Келісімнің әрекеті қолданылатын Ұйымдар арасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша республикалық салалық байқаулар, кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру үшін, кәсіподақтың қаржылай қолдау мақсатында, ай сайын жалақы қорынан Кәсіподақтың орталық кеңесінің шотына 0,2% аударады. Бұл қаражат Жұмыс беруші мен Кәсіподақтың бірлескен шешіміне сәйкес пайдаланылады.

12.6 Жұмыс беруші Кәсіподақ комитеті төрағасының немесе оның өкілінің құрылымдық бөлімшелер басшыларының деңгейінде Ұйым қызметкерлерінің әлеуметтік-енбек мүдделерін қозғайтын және олардың өндірістік қызметінің нәтижелеріне қатысты мәселелерді талқылайтын басқарушылық кеңестерге кеңесші дауыс құқығымен қатысуын қамтамасыз етеді.

12.7 Занды тұлға таратылған не жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайлардан басқа, негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерімен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға осы адамдар мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының уәжді пікірі ескеріле отырып, еңбек шартын бұзудың жалпы тәртібі сақталған кезде жол беріледі. Занды тұлға таратылған не жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайлардан басқа, негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысымен (төрағасымен) еңбек шарты жоғары тұрған кәсіподақ органының уәжді пікірінсіз жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзылмайды.

12.8 Кәсіподақ органдарының негізгі жұмыстан босатылмаған мүшелері, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар, Ұйымдарда, Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестерде құрылатын Кәсіподақ өкілдері қызметкерлер ұжымының мұддесінде, сондай-ақ орташа жалақы бойынша төлей отырып, қысқа мерзімді кәсіптік оқу кезінде кәсіподақ міндеттерін орындау үшін негізгі жұмыстан босатылады.

12.9 Кәсіподақ органдарының негізгі жұмыстан босатылмаған мүшелері Кәсіподақ шақыратын съездердің, конференциялардың делегаттары ретінде қатысу үшін, сондай-ақ орташа жалақы бойынша төлей отырып оның сайланбалы органдарының жұмысына қатысу үшін одан босатылады.

12.10 Кәсіподақ органдарына сайланбалы лауазымға сайлануы (ұсынылуы) себепті Ұйымдағы жұмыстан босатылған кәсіподақ Қызметкерлеріне олардың өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бұрынғы жұмысы (лауазымы), ал ол болмаған жағдайда – сол ұйымнан немесе Қызметкердің келісімімен басқа Ұйымнан өзінің бұрынғы жұмысымен (лауазымымен) бірдей жұмыс ұсынылады.

12.11 Ұйым қайта құрылған жағдайда бұрынғы жұмыс орны бойынша тиісті жұмыс (лауазым) ұсыну мүмкін болмаған кезде Жұмыс беруші немесе оның құқықтық мирасқоры, ал Ұйым таратылған жағдайда Кәсіподақ босатылған кәсіподақ Қызметкерінің оның орташа табысын жұмысқа орналасу кезінде, бірақ үш айдан жоғары емес, ал оқу немесе қайта мамандану жағдайында – үш айға дейінгі мерзімде сақтайды.

12.12 Жұмыстан босатылған, кәсіподақ органдарына сайланған (ұсынылған) кәсіподақ Қызметкерлерінің жұмыс уақыты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен олардың жалпы және арнайы еңбек өтіліне есептеледі.

12.13 Жұмыстан босатылған (штаттық) кәсіподақ Қызметкерлерінің, бастауыш Кәсіподақ ұйымының органына сайланғандар (ұсынылғандар) ұжымдық шартқа сәйкес Ұйымның басқа Қызметкерлері сияқты әлеуметтік кепілдіктер мен женілдіктерді пайдаланады.

12.14 Ұйымның толық таратылу немесе жұмыстан шығару мүмкіндігі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, Қызметкердің кінәлі әрекеттер жасау жағдайларынан бөлек, Кәсіподақ органдарының құрамына сайланған Қызметкерлерді олардың өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін екі жыл ішінде Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығаруға рұқсат етілмейді.

### XIII. КЕЛІСІМГЕ ҚОСЫЛУ ТӘРТІБІ

13.1 Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі машина жасау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ретінде, тараптар Келісімге қол қойғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде оны өзінің ресми сайтына орналастырады.

13.2 Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің сайтына орналастырғаннан кейін «Машина жасаушылардың салалық кәсіптік одағы» ОО Жұмыс берушілердің бірлестігіне, Жұмыс берушілерге және Келісімді жасасуға қатыспаған Машина жасау саласы қызметкерлерінің бірлестігіне Келісімге қосылу жөнінде ұсыныспен жүргінеді.

13.3 Жұмыс берушілердің бірлестігі, Жұмыс берушілер және Қызметкерлер бірлестігі Келісімге қосылу жөнінде ұсыныс алғаннан кейін, келіспеген жағдайда, күнтізбелік 30 күн ішінде қосылудан жазбаша дәлелді түрде бас тартады. Жазбаша дәлелді бас тарту болмаған жағдайда Келісімге қосылу жөнінде ұсыныс алған Жұмыс берушілердің бірлестігіне, Жұмыс берушілерге және Қызметкерлердің бірлестігіне Келісім тараған болып саналады.

### XIV. КЕЛІСІМНІҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ

14.1 Келісімнің орындалуын бақылауды тараптар мен олардың өкілдері – Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия жүзеге асырады.

14.2 Тараптардың әрқайсысы Келісімге қол қойылғаннан кейін бір айлық мерзімде нақты мерзімдері мен орындауга жауапты Салалық

комиссияның мүшелерін көрсете отырып қабылданған міндеттемелерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын өзірлейді және Салалық комиссияга бекітүге ұсынады.

14.3 Келісімнің орындалуына бақылау функцияларын Келісімнің қарсы тараптының өкіліне немесе Салалық комиссияға мәселенің мәнісі бойынша жүгінуге құқылы Кәсіподак органдары мен Жұмыс берушілер жүзеге асырады.

14.4 Бастауыш кәсіподак ұйымдары мен кәсіподактың басқа да органдары Келісімнің орындалуына кәсіподактық бақылауды жүзеге асырады.

14.5 Бақылауды жүзеге асыру үшін тараптар бұл ақпарат коммерциялық құпия немесе сипаты Ұйымның ішкі құжаттарымен айқындалатын, жариялауға жатпайтын ақпарат болып табылмайды деген шартпен, бұл үшін қажет, өздерінде бар барлық ақпаратты ұсынады.

14.6 Салалық комиссия жылына кемінде 2 рет Келісімнің орындалуының қорытындысын шығарады және нәтижелері туралы Келісім тараптарының өкілдеріне хабарлайды.

14.7 Келісімнің ережелері орындалмаған кезде тараптардың өкілдері Салалық комиссияның шеңберінде ұсынылған ақпараттың мәні жөнінде өзара консультациялар өткізеді, жасалған ережелер бойынша ұсыныстар өзірлейді және оларды Келісімге қол қойған тұлғаларға ұсынады.

14.8 Тараптардың біреуі Келісім талаптарын бұзған жағдайда қарсы жақтың тиісті органы оған бір апталық мерзімде қаралатын осы бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс жолдайды.

Осы бұзушылықтарды жоюдан бас тартқан немесе көрсетілген мерзімде келісімге қол жеткізбеген жағдайда келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

## XV. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

15.1 Ұжымдық шарттарды орындау және Келісімнің орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін қажет ақпарат ұсынбаған кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

15.2 Келісім бойынша міндеттемелерді орындамау немесе бұзы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

15.3 Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларының бұзылуына, Келісімде

көзделген еңбекті қорғау жөніндегі міндеттемелердің орындалмауына кінәлі, немесе еңбекті қорғау талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылау органдары өкілдерінің, сондай-ақ қоғамдық бақылау органдарының жұмысына кедергі келтірген лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

15.4 Кесіподақтың құқықтарының бұзылуына кінәлі немесе оның заңды жұмысына кедергі келтірген лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

15.5 Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындағаны, сот заңсыз деп таныған ереуілдер ұйымдастырғаны және өткізгені үшін Кесіподақ және оның басқарушы органдарына кіретін адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

15.6 Тараптар Ұйымда әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша туындаған еңбек жанжалдарын реттеуге көмектеседі.

## XVI. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1 Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға өз қолданысын таратады және 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді.

16.2 Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде келіссөздер жүргізуді әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия жүзеге асырады.

16.3 Салалық комиссияның құрамын Тараптар өкілдерінің бірдей санынан тепе-тендік негізінде Тараптар дербес анықтайды.

16.4 Комиссия туралы ереже, оның жұмыс тәртібі салалық комиссияның отырыстарында бекітіледі.

16.5 Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашы болған тарап екінші тарапқа келіссөздер жүргізуді бастау туралы жазбаша хабарлама жібереді.

16.6 Келісімде келісілмен тараптардың өзара іс-қимыл талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Келісімнің қандай да бір ережелері жарамсыз болған жағдайда, Келісімнің басқа ережелері және тұтастай Келісім өз күшін сақтайды. Келісімнің жарамсыз ережесі мағынасы бойынша ұқсас және Қазақстан Республикасының заңнамасы көзқарасы түрғысынан қолайлы ережемен ауыстырылуы тиіс.

16.7 Осы Келісімге мыналар қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

1-қосымша – Келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеуге және қабылдауға қатысу үшін бақылаушылар тобын құру тәртібі, оның құзыреті мен қызметі туралы ереже;

2-қосымша – Ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және оларды шешу мәселелері бойынша кеңес құру тәртібі және оның қызметі туралы ереже;

3-қосымша – Кадрлық әлеует пен біліктілікті арттыру жөніндегі үйлестіру орталығын құру тәртібі және оның қызметі туралы ереже;

4-қосымша – Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кеңес құру тәртібі және оның қызметі туралы ереже;

5-қосымша – Машина жасау саласындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы ереже;

6-қосымша – Машина жасау саласы ұйымдарында еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы ереже;

7-қосымша – «Қазақстан инжиниринг» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының тізбесі;

8-қосымша – Біліктіліктің салалық аясын бекіту туралы ереже;

9-қосымша – Машина жасау саласындағы әлеуметтік-еңбек қақтығыстарын және ереуілдерін ескеrtу және болдырмау шаралары.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
бірінші вице-министрі

А. Айдарбаев  
«\_\_\_» 2017 ж.

«Атамекен»  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

Басқарма төрағасының  
орынбасары  
Д. Жұнісова  
«\_\_\_» 2017 ж.

«Қазақстан инжиниринг»  
Ұлттық компаниясы АҚ  
Басқарма төрағасы

Е. Ұдырысов  
«\_\_\_» 2017 ж.

«Машина жасаушылар  
салалық кәсіптік одағы» ОО  
төрағасы

К. Құсайынов  
«\_\_\_» 2017 ж.

Машина жасау саласындағы  
2017-2019 жылдарға арналған  
Салалық келісімге  
1-қосымша

**Ұжымдық шарттарды, келісімді қабылдау және өзірлеуіне қатысу үшін  
бақылаушылар тобының қызметін және құзыретін қалыптастыру  
тәртібі туралы Ереже**

**1. Жалпы ереже**

1. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 153-бап 5-тармағының 8) тармақшасына сәйкес өзірленген ұжымдық шарттарды, келісімдерді қабылдау және өзірлеуге қатысу үшін бақылаушылар тобының қызметін және құзыретін қалыптастыру тәртібі туралы Ереже.

2. Бақылаушылар тобы саладағы сұхбат және әлеуметтік әріптестікті дамыту, ұжымдық шарттарды, келісімдерді қабылдау және өзірлеуге қатысу үшін құрылады.

3. Бақылаушылар тобы өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады, Осы Ережеге және машина жасау саласындағы (Салалық келісім) әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік әріптестік бойынша Салалық келісімнің шешімдерін басшылыққа алады.

**2. Бақылаушылар тобын қалыптастыру тәртібі**

4. Бақылаушылар тобы Салалық келісіммен ерікті негізде әлеуметтік әріптестіктің тарапы өкілдерінің санатынан құралады.

5. Бақылаушылар тобының сандық және арнайы құрамы және оның жетекшісі Салалық келісімнің (хаттама) шешімімен бекітіледі.

6. Бақылаушылар тобының мүшелері өздерінің қызметтерін қоғамдық бастамада жүзеге асырады.

**3. Бақылаушылар тобының құзыреті**

7. Ұжымдық шарттарды, келісімдерді қабылдау және өзірлеу кезінде қатысады.

8. Еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және кәсіподак мүшелері-қызметкерлер үшін қосымша әлеуметтік және еңбек кепілдіктерін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді.

9. Саладағы сұхбат және әлеуметтік әріптестік жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

10. Ұжымдық шарттарды, келісімдерді қабылдау және өзірлеу кезінде қатысады.

25  
ОЗ

11. Қажет болған жағдайда әлеуметтік әріптестіктің тарапынан қосымша ақпарат сұратады.

12. Даулы мәселелерді шешуге көмектесетін қызығушылығы жоқ ақпарат көздерінің делдалы ретінде шығады.

13. Ұжымдық шарттарды, келісімдерді қабылдау және әзірлеу кезіндегі рәсімдердің бұзылымын болдырмайды.

14. Машина жасау саласының бағдармамалық және стратегиялық құжаттарын қарастыруға қатысады.

---

Машина жасау саласындағы  
2017 -2019 жылдарға арналған  
Салалық келісімге  
2-қосымша

**Ұжымдық еңбек дауларын шешу және ескерту мәселелері  
бойынша Қеңес қызметін қалыптастыру және оның тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ**

## **1. Жалпы ереже**

1. Ұжымдық еңбек дауларын шешу және ескерту мәселелері бойынша Қеңес қызметін қалыптастыру және оның тәртібі туралы Ереже Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 153-бабының 5-тармағының 7) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Қеңес машина жасау саласының әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік өріптестік бойынша Салалық комиссия (бұдан әрі – Салалық комиссия) жанындағы алқалық орган болып табылады.

3. Қеңес машина жасау саласының кәсіпорындарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында, күрделі еңбек және әлеуметтік мәселелерді қарастыру үшін құрылған.

4. Қеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Салалық комиссияның шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

5. Қеңестің құрамы тепе-тендік негізде Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік), Қазақстан Республикасының машина жасау саласының Салалық кәсіподак (бұдан әрі – Салалық кәсіподак), Қазақстан Республикасының ұлттық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, «Қазақстан инжинириング» Ұлттық компаниясы» АҚ (Kazakhstan Engineering)» (бұдан әрі – Жұмыс беруші) өкілдері санынан қалыптастырылады және Салалық комиссияның шешімімен бекітіледі. Қеңес мүшелері өзінің қызметін қоғамдық бастауда іске асырады.

## **2. Қеңестің тапсырмалары**

6. Қеңестің тапсырмасы ұжымдық еңбек дауларын шешу және ескерту бойынша Жұмысберушімен және Салалық кәсіподактармен, Министрлікпен бірлесіп тиімді шаралар қабылдау болып табылады.

## **3. Қеңес қызметтері**

7. Қеңестің қызметі болып табылады:

1) Еңбек және әлеуметтік күрделі мәселелер бойынша әлеуметтік өріптестіктің мүдделі тараптарының өкілдерін тындау;

2) Ұжымдық шарттарды жасасу мәселелері бойынша әлеуметтік әріптестік тараптарының өтініштерін қарастыру;

3) Ұжымдық еңбек дауларын ескерту және машина жасау саласының кәсіпорындарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдау туралы ұсыныстарды Салалық комиссияның қарастыруына шыгару және бірлесіп зерттеу;

4) Кәсіпорындарда ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысу.

#### **4. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру және құрамы**

8. Кеңес Кеңес мүшесі болып табылатын тәрағадан, орынбасарынан, хатышыдан (дауыс құқынсыз) және Кеңес мүшелерінен тұрады.

9. Кеңес тәрағасы:

- 1) Кеңестің қызметіне басшылық етеді;
- 2) Кеңестің отырыстарында тәрағалық етеді;

3) Кеңес отырысының күн тәртібін және өткізу уақытын, орынын бекітеді.

10. Кеңес тәрағасы болмаган кезде оның қызметін Кеңес тәрағасының орынбасары атқарады.

11. Кеңес қызметіне осыған ұқсас қолдауды әлеуметтік әріптестік тараптары қамтамасыз етеді.

12. Кеңес хатшысы:

1) Кеңес отырысын өткізуді және дайындығын жүзеге асырады, әлеуметтік әріптестік тараптарына хаттама рәсімдейді және таратады;

2) Кеңестің тәрағасы және тәраға орынбасарының, Кеңестің жұмысына қатысты Салалық комиссияның тапсырмаларын, Кеңеспен қабылданған шешімнің орындалу барысына бақылау жүргізеді;

3) Кеңестің шешімі туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етеді.

13. Кеңес отырысы қажеттілікке қарай өткізіледі.

14. Кеңес отырысында бекітілген дербес құрамға сәйкес Кеңес мүшелері, сондай-ақ, өзгеде мүдделі тұлғалар және бұқаралық ақпарат құралдары қатысады.

15. Кеңес отырысына қатысуға тәуелсіз сарапшылар және мамандар, сондай-ақ, құзыретіне Кеңес отырысында қарастырылатын мәселелер кіретін қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар тартылуы мүмкін.

16. Кеңес мүшелері Кеңес отырысында өздері қатысады.

17. Кеңес мүшелері отырыстың күн тәртібі және өткізілетін уақыты, орыны туралы отырысқа дейін үш жұмыс күні бұрын құлақтандырылады.

18. Кеңес отырысына қатысу үшін шақыртылған тұлғалар қарастырылатын мәселелердің талқылауына қатысуға құқылы.

19. Кеңес отырысы оның мүшелерінің жалпы санынан үштен екісінен кем емес бар болған жағдайда құқық өкілеттігі болады.

20. Кеңес шешімі ашық дауыспен отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің жалпы санынан көшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Кеңес тәрағасы немесе оның міндептін атқарушы тұлға дауыс берген жақтың дауысы қабылданған болып саналады.

21. Кеңеспен қабылданатын шешім хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады. Отырыс хаттамалары, есептіліктер, қорытындылар, Кеңес баяндамалары Кеңес төрағасымен бекітіледі.

---

Машина жасау саласындағы  
2017-2019 жылдарға арналған  
Салалық келісімге  
З-қосымша

**Кадрлық әлеуетті және біліктілікті дамыту бойынша үйлестіруші  
орталықтың қызметін қалыптастыру және оның тәртібі туралы  
Ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Кадрлық әлеуетті және біліктілікті дамыту бойынша үйлестіруші орталықтың қызметін қалыптастыру және оның тәртібі туралы Ережесі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 153-бабының 5-тармағының 9) тармақшасына сәйкес өзірленген.

2. Орталық «Қазақстан машина жасаушылар одағының» (бұдан әрі-ЗТБ) заңды тұлғаларының Бірлестігіне қарасты кеңес беру-кеңесетін органы болып табылады.

3. Орталық қызметінің мақсаты республикалық деңгейде машина жасау саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды үйлестіру және еңбек ресурстарын дамыту саласындағы саясатты жүзеге асыруға ықпал етуі болып табылады.

4. Орталық өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ЗТБ шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

**2. Орталықтың құқығы және негізгі тапсырмалары**

1. Орталықтың негізгі тапсырмалары:

1) Машина жасау саласының білікті мамандарын дайындау және қайта дайындау бойынша саясатты жүзеге асыруға көмек;

2) Машина жасау саласының техникалық және кәсіби білімді дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар өзірлеу;

3) Ұлттық біліктілік жүйені дамыту;

4) Машина жасау саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін жағымды құқықтық және инвестициялық жағдай қалыптастыру;

5) Мамандарды дайындау және қайта дайындауда жұмыс берушілердің қатысуын қамтамасыз ету, білікті мамандарды бағалау;

6) Машина жасау саласының білікті мамандарға еңбек нарығының қажетсінуін жоспарлау және болжай;

7) Мамандарды дайындаудың сапасын арттыру;

8) Техникалық және кәсіби білімді, сондай-ақ, оның құрылымын және мазмұнын қаржыландыру және басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды шығару болып табылады.



6. Орталық өзінің тапсырмаларына сәйкес:

1) ЗТБ-не оларды одан әрі мамандарды дайындау және қайта дайындау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарына бағыттау үшін ұсыныстар енгізеді;

2) Машина жасау саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесі бойынша ұсыныстар шығарады;

3) Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарының өкілдерін, сараптамалық және жұмыс топтарын және өзгеде мүдделі ұйымдарды Орталықтың отырысына қатысу үшін шақырады;

4) Орталықтың құзіретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік ұйымдармен және ұйымдармен өзара әрекеттестікте болады.

### 3. Орталықтың қызметін іске асыру тәртібі

7. Орталықты оның қызметін басқаратын, отырыстарда төрағалық етеді, жұмыс жоспарын бекітеді, Орталықтың шешімін жүзеге асырылуына жалпы бақылау жүргізетін ЗТБ Басқарма төрағасының орынбасары-төраға басқарады.

8. Орталықтың құрамы «Қазақстан инжинириング» ҰК» АҚ және «Атамекен» Қазақстан Республикасының кәсіпкерлердің Ұлттық палатасы ЗТБ мүшелерінен, білім органдарынан, кәсіподақтан құралады. Орталықтың мүшелері өз қызметтерін қоғамдық басталуында жүзеге асырады.

9. Орталықтың отырысы жартыжылдықта бір рет (іштей немесе сырттай) өткізіледі және егер оларға оның мүшелерінің жалпы санынан үштен екісі қатысса құқық өкілеттігі бар болып есептеледі. Орталықтың шешімі отырысқа қатысқан Орталық мүшелерінің жалпы санынан көп дауыспен қабылданады.

10. Орталықтың мүшелері Орталықтың қызметі, қабылданған шешімдер туралы ақпаратты, сондай-ақ, Орталықтың құзыреті шегінде кез-келген сұрақты талқылауға енгізеді.

11. Орталықтың мүшелері отырыста қарастырылатын мәселелерді талқылау кезінде тең құқыққа ие. Орталықтың шешімдері әрбір мүше бір дауыс құқығына ие қарапайым көп дауыстармен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

12. Орталықтың жұмыс органы ЗТБ-нің HR жобаларының орталығы болып табылады. Орталықтың жұмыс органымен олардың алдына қойылған тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында Орталықтың жұмыс топтары құрылады.

13. Орталықтың жұмыс органды:

- 1) Күн тәртібін қалыптастырады;
- 2) Қарастыру үшін ұсыныстар жинауды жүзеге асырады. Жұмыс органдына қарастыру үшін ұсыныстарды ЗТБ мүшелері, мемлекеттік органдар және өзгеде ұйымдар және бастамашы тұлғалар енгізе алады;
- 3) Орталықтың шешімдерінің орындалуын үйлестіреді және қамтамасыз етеді;
- 4) Орталықтың қызметіне тартылған мамандардың және экспорттардың жұмысын үйлестіреді.

14. Орталықтың отырысына материалдарды және тиісті құжаттарды дайындауды, ұйымдастыруды, отырыстың хаттамасын рәсімдеуді Орталықтың хатшысы жүзеге асырады.

Хатшы Орталықтың мүшесі болып табылмайды және Орталықтың отырыстарында дауыс беру құқығы жоқ.

15. Орталықтың шешімі оның төрағасымен және хатшымен қол қойылған хаттамамен рәсімделеді.

#### 4. Орталықтың қызметін тоқтату

16. Орталықтың қызметін тоқтату үшін Орталықтың көп мүшелерінің немесе ЗТБ шешімі негіз болып табылады.

---

«БЕКІТЕМІН»  
«Қазақстан машина жасаушыларының»  
ЗТБ Басқарма төрағасының  
орынбасары  
Т.И. Алтаев

Машина жасау саласының  
кадрлық әлеуетін және  
біліктілігін дамыту бойынша  
үйлестіру орталығының құрамы

Машина жасау саласындағы  
2017-2019 жылдарға арналған  
салалық келісімге  
4-қосымша

## Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кеңес құру тәртібі және оның қызметі туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кеңес құру тәртібі және оның қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 153-бабы 5-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Кеңес әлеуметтік әріптестік және машина жасау саласында әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның жанындағы алқалы орган болып табылады.

3. Кеңес салалық саясаттың стратегиялық бағыттарын анықтау, салалық саясатты болжау мен жоспарлау, сондай-ақ машина жасау саласында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жұмыстарын үйімдастыруды жетілдіру, еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды жақсартудың салалық нысаналы бағдарламаларының, салааралық және салалық стандарттардың, қағидалар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жүргізу.

4. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Салалық комиссияның шешімдерін және осы Келісімді басшылыққа алады.

5. Кеңес құрамы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), Қазақстан Республикасының машина жасау саласының кәсіптік одақтары (бұдан әрі – Салалық кәсіподақтар), «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Қазақстан инжинирингे ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (Kazakhstan Engineering)» (бұдан әрі – Жұмыс беруші) өкілдерінің арасынан тепе-тендік негізінде қалыптасады және Салалық комиссияның шешімімен бекітіледі.

### 2. Кеңестің міндеттері

#### 6. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) Еңбек жағдайларын жақсарту, машина жасау саласында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету мақсатында салалық саясаттың стратегиялық бағыттарын белгілеу;

2) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша салалық нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау;

3) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарының орындалуына ведомствоның бақылау жүргізуге қатысу болып табылады.

### **3. Кеңестің функциялары**

7. Кеңестің функциялары мыналар болып табылады:

1) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың проблемалық мәселелері бойынша әлеуметтік әріптестіктің мүдделі тараптарының өкілдерін тындау;

2) машина жасау саласы кәсіпорындарының жұмыс орындарында қалыпты және қауіпсіз еңбек жағдайын жасаумен және қамтамасыз етумен байланысты мәселелерді қарау және шешу;

3) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту және қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдау туралы ұсыныстарды салалық комиссияның қарауына шығару және бірлесіп зерттеу.

### **4. Кеңестің құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру**

8. Кеңес төрағадан, орынбасардан, Кеңес мүшелері болып табылатын хатшыдан (дауыс құқығынсыз) және Кеңес мүшелерінен тұрады.

9. Кеңес төрағасы:

1) Кеңес жұмысын басқарады;

2) Кеңес отырыстарына төрағалық етеді;

3) Кеңес отырыстары өтетін жерді, уақытын және күн тәртібін бекітеді.

10. Кеңес төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын Кеңес төрағасының орынбасары орындейдь.

11. Кеңес қызметін талдамалық сүйемелдеуді әлеуметтік әріптестік тараптары қамтамасыз етеді.

12. Кеңес хатшысы:

1) Кеңес отырыстарын дайындауды және өткізуі жүзеге асырады, хаттама ресімдейді және Кеңес мүшелеріне таратады;

2) Кеңес қабылдаған шешімдердің, Кеңес жұмысына қатысты салалық комиссияның, төрағаның және Кеңес төрағасы орынбасарының тапсырмаларының орындалу барысын бақылауды жүзеге асырады;

3) мүдделі адамдарды Кеңестің шешімдері туралы хабардар етеді.

13. Кеңес отырыстары қажеттілікке қарай өткізіледі.

14. Кеңес отырыстарына бекітілген дербес құрамға сәйкес Кеңес мүшелері, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалар мен бұқаралық ақпарат құралдары қатысады.



15. Кеңес отырыстарына қатысуға тәуелсіз сарапшылар мен мамандар, сондай-ак құзыретіне Кеңес отырыстарында қаралатын мәселелер кіретін қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар тартылуы мүмкін.

16. Кеңес мүшелері Кеңес отырыстарына жеке қатысады.

17. Кеңес мүшелері отырыс өтетін жер мен уақыты және отырыстың күн тәртібі туралы отырысқа дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей хабарланады.

18. Кеңес отырыстарына қатысуға шақырылған адамдар қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

19. Кеңес отырыстары оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан ретте занды.

20. Кеңес шешімдері отырысқа қатысушы Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Кеңес төрағасы немесе оның міндеттерін орындаушы адам дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

21. Кеңес қабылдайтын шешімдер хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады. Отырыстардың хаттамаларын, Кеңестің есептерін, қорытындыларын, баяндамаларын Кеңес төрағасы бекітеді.

---

Машина жасау саласындағы  
2017-2019 жылдарға арналған  
салалық келісімге  
5-қосымша

## Машина жасау саласындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы Ереже

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Машина жасау саласы үйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақат пен кәсіби аурудың алдын алу және қызметкерлердің денсаулығын сактау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес әзірленді.

1.2. Ереже Машина жасау саласы үйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) негізгі міндеттерін, функцияларын және құқықтарын көздейді.

1.3. Кеңестің құрамына техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда, жұмыс берушінің өкілдері, машин жасау саласының кәсіптік одағының өкілдері, қызметкерлердің өкілдері тере-тендік кіреді.

1.4. Кеңес құрамы жұмыс берушінің өкілдерінің және машин жасау саласының кәсіптік одағының өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі.

1.5. Кеңесті екі жылдық кезеңділікпен ротация негізінде Кеңес мүшелері сайлайтын төраға басқарады.

Кеңестің шешімі жұмыс беруші мен үйым қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

1.6. Кеңес жұмыс беруші мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақат пен кәсіби аурудың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылын үйымдастырады, сондай-ақ жұмыс орнындағы еңбек жағдайлары мен оны қорғау үшін техникалық еңбек инспекторларының тексерулер жүргізуін үйымдастырады.

1.7. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың кандидатураларын кәсіподак үйымдары, ал олар болмаған жағдайда – қызметкерлердің жалпы жиналышында қызметкерлердің кемінде үштен екісі қатысқан кезде, көпшілік дауыспен үйым қызметкерлерінің арасынан ұсынылады.

1.8. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар Кеңестің шешімімен тағайындалады.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың бақылауды жүзеге асыру тәртібі Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы ережемен белгіленеді.

1.9. Кеңес мүшесінің қанағаттанғысыз жұмысы, жұмыстан шығарылуы және т.б. жағдайда әрбір тарап өз өкілдерін ауыстыруға, кері шақырып алуға және жаңаларын ұсынуға құқылы.

1.10. Кеңес өз жұмысын өзі өзірлеген регламентке және Кеңес отырысында қабылданатын және төраға бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Кеңес отырыстары қажетілігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өтеді.

1.11. Жүктелген міндеттерді орындау үшін Кеңес мүшелері жұмыс берушінің қаражаты есебінен кемінде үш жылда бір рет, тиісті білім беру үйымдарында біліктілігін арттыру курстарында окуы және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі білімдерін тексеруден өтеді.

1.12. Кеңес өз жұмысында еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекетік органмен, басқа да мемлекеттік қадағалау мен бақылау органдарымен, ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметімен және шарттық негізде тартылатын мамандармен (өндірістің ерекшелігін және салалық ерекшеліктерін ескере отырып) өзара іс-қимыл жасайды.

1.13. Кеңестің, оның мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету (міндеттерін атқару, оқытудан өту және т.б. кезінде негізгі жұмыстан босату) ұжымдық шартпен, ал ол болмаған кезде – жұмыс берушінің нормативтік актісімен белгіленеді.

1.14. Кеңес өз қызметінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы зандарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Салалық келісімді, ұжымдық шартты (еңбекті қорғау жөніндегі келісімді) және ұйымның өзге де нормативтік актілерін басшылыққа алады.

1.15. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар әлеуметік әріптестік жөніндегі салалық комиссияның шешімімен енгізіледі.

## 2. Кеңестің міндеттері

Кеңестің міндеттері:

2.1. Жұмыс берушінің, машина жасау саласы қызметкерлерінің кәсіподагы өкілдерінің, Кеңес мүшелерінің ұсыныстарының негізінде жұмыс беруші мен қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жаракат пен кәсіби аурудың алдын алу жөніндегі өкілеті органың уәкілетті қызметкерлерінің бірлескен іс-қимыл бағдарламаларын әзірлеу;

2.2. Жұмыс орындарында еңбек жағдайы мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне тексеру жүргізууді ұйымдастыру, жұмыс берушіге еңбекті қорғау проблемаларын ұйымдағы еңбек жағдайы мен еңбекті қорғаудың қазіргі жай-күйін, өндірістік жаракат пен кәсіптік сырқаттанушылықты талдау негізінде шешу жөнінде тиісті ұсыныстар дайындау және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау проблемаларын шешу жөнінде өз құзыреті шегінде тиісті ұсыныстар дайындау;

2.3. Еңбекті қорғау жөніндегі ұжымдық шарттың және/немесе келісімнің тиісті бөлімінің жобасын дайындау үшін ұйымдық-техникалық



және санитариялық-сауықтыру іс-шараларын өзірлеу бойынша ұсыныстарды қарау болып табылады.

#### 2.4. Ұйым қызметкерлеріне:

- жұмыс орындарында еңбек жағдайлары мен оны қорғаудың жай-күйі мен оны жақсарту бойынша жүргізілетін іс-шаралар, денсаулықтың закымдану қаупінің бары, өндірістік жарақат алу мен кәсіптік ауру, еңбек жағдайы зиянды және (немесе) қауіпті жұмыс үшін қызметкерлерге тиесілі өтемақы туралы;

- еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау және еңбекті қорғау бойынша ұсыныстарды сертификаттау нәтижелері туралы;

- жуып тазалағыш және залалсыздандырыш құралдармен, сертификатталған арнайы киіммен, аяқкиіммен және басқа да жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету, олардың қолданылуының дұрыстығын және сақтауды ұйымдастыру, жуу, тазалау, жөндеу, дезинфекциялау және залалсыздандыру жөніндегі қолданыстағы нормативтер туралы хабарлау.

### 3. Кеңестің функциялары

3.1. Еңбекті қорғау саласында анықталған бұзушылықтарды жою, ұйымда қауіпсіз еңбек жағдайын жасау; еңбек қызметі процесінде адамның өмірі мен денсаулығын сақтау талаптарына жауап беретін бағдарламалар, ұсынымдар, шешімдер және т.б. өзірлеу жөніндегі ұсыныстарды қарау.

3.2. Жұмыс орындарында, өндірістік участкерде, цехтарда және тұластай ұйымдарда еңбек жағдайы мен оны қорғаудың жай-күйін тексеру нәтижелерін қарау, қызметкерлердің өтініштері бойынша тексерулер жүргізуге қатысу және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша нұсқамаларды енгізу.

3.3. Өндірістік жарақат алу мен кәсіптік ауру себептерін зерттеу, еңбек жағдайлары және оны қорғау бойынша жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігін талдау, ұйымдарда еңбекті қорғаудың нақты жай-күйі туралы ақпараттық-талдамалық материалдар дайындау.

3.4. Еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестау барысы мен нәтижелерін талдау, құрылымдық бөлімшелердің және тұластай ұйымды өндірістік обьектілерде тұрақты жұмыс орындарын еңбекті қорғау талаптарына сәйкестікке келтіруге қатысу.

3.5. Ұйымның еңбекті қорғауға арналған шығынының жобасын жасау.

3.6. Жұмыс берушіге:

- Еңбекті қорғау жөніндегі қызметкерлердің нұсқаулықты уақтылы және сапалы жүргізуіне, сондай-ақ еңбекті қорғау талаптарын білуіне тексерулер жүргізуге, қызметкерлердің, кәсіподак активі мен қызметкерлердің еңбекті қорғау саласындағы заңнама, қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының мәселелері бойынша тұрақты түрде оқытуға және білімін арттыруға көмек көрсету;

- барынша жетілдірілген технологияларды, қауіпсіз еңбек жағдайын жасау мақсатында жаңа техниканы өндіріске енгізуге, міндетті емес немесе тиімсіз ауыр дene жұмыстарын жоюға;

- ұйым қызметкерлерін сертификатталған арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен және басқа да жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету, олардың қолданудың дұрыстығы бойынша қолданыстағы нормативтер туралы хабардар етуге;

- ұйымда еңбекті қорғау, өндірістегі жазатайым оқигалардан және кәсіптік аурудан міндетті әлеуметтік сақтандыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру мәселелерін қарауға, еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталатын ұйымның қаражатының жұмсалуын бақылауды жүзеге асыруға көмек көрсету.

3.7. Санитарлық-тұрмыстық ұй-жайлардың жай-күйін және пайдаланылуын бақылау, қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен және басқа да жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етуді, оларды қолданудың дұрыстығын бақылау, емдеу-профилактикалық тамақ беру.

3.8. Еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды жетілдіру және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, еңбекті қорғау талаптарын сақтайтын және денсаулықтың жай-күйін сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ететін қызметкерлерді моралдық және материалдық көтермеленеу жүйесін құру жөнінде ұсыныстар дайындау және оны жұмыс берушіге ұсыну.

